

## РЕФЕРЕНДУМ – 2022

Майра ӘБДІРАХМАНОВА:



«САЯСИ ЖҮЙЕ  
ҮЛКЕН ӨЗГЕРІС  
АЛДЫНДА ТҮР» **4-бет**

## АСЫЛ ӘЖЕМ, ҒАСЫР ӘЖЕМ АҢСАҒАН...



АЛҒЫСҚА  
БӨЛЕНГЕН  
«АҚ ӘЖЕЛЕР!» **5-бет**

## ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

ҚАСТАНДЫҚ  
ҚАСІРЕТІ

**7-бет**



### ҚҰРМЕТТІ ҰЛЫТАУ Өңірінің Тұрғындары! Құрметті Жерлестер!

Үкіметке жасаған сансыз өтініштерімізден кейін облысымызға ведомстволық комиссия келді. Комиссияның міндеті – аймақтағы қатерлі онкология ауруының себептерін зерттеу үшін жер, су және ауа сынамаларын алу.

Мамандардың негізгі тобы 20 маусымда Жезқазғанға келеді. Дәрігерлер мен экологтар ғарыштық зымырандардың сатылары құлаған аумақтарды аралап, адам денсаулығына әсер ететін өндірістік нысандарды да зерттейді. Комиссия мүшелеріне жан-жақты көмек көрсетуіңізді сұраймын.

**РЕДАКЦИЯДАН:** аймағымыздан сайланған басқа әріптестерінен нақты істерімен дараланатын Арман Қожасметов ФБ парақшасында жариялаған осы хабарды қуана оқыдық. Енді міне, Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшатын зымырандардың Жезқазған-Ұлытау аймағындағы онкологиялық ауру түрлерінің көбеюіне әсерін зерттеу үшін арнайы комиссияның нақты іске кіріскені туралы облыстық мәслихаттың депутаты Ерболат Сатыбалдиннің ақпаратын көріп, көңіліміз демделеті түсті. Сайлаушылары болып табылатын қарапайым халықтың жағдайын жанашырлықпен ойлайтын депутаттарымыз көбейе түссе екен!



### Құрметті жерлестер, Жезқазғанның жас өрендері!

Сіздерді жыл сайын жаздың бірінші күні бүкіл әлемде атап өтетін Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтаймыз!

Бұл мереке әрқашан қуанышқа, керемет көтеріңкі көңіл-күйге, балалардың риясыз күлкісіне толы. Өскелең ұрпақ – елдің болашағы, оның үміті мен тірегі. Балаларды, жастарды қолдау мен дамытуға мемлекет әрқашан ерекше көңіл бөледі. 2022 жылды Ел Президенті «Балалар жылы» деп жариялады, ол «ұрандар мен мерекелік іс-шараларды өткізуді емес, ең алдымен, баланы қорғау мақсатында денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру салаларында билік органдары тарапынан нақты шаралар қабылдауды білдіреді».

Біз жас қазақстандықтардың дені сау және бақытты болуы, лайықты білім алуы және өмірде өз орындарын табуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға тырысамыз. Балаларымыздың қалай өсіп, болашақта қандай әлемде өмір сүретіні бізге, ересектерге байланысты.

Біздің қаламызда пәндік олимпиадалардың, түрлі конкурстардың, фестивальдардың,

жарыстардың жеңімпаздары болып, өздерін көрсете білетін талантты, ақылды, белсенді, позитивті және нақты мақсат қойып алға ұмтылған балалардың көптігі біз үшін зор мақтаныш. Жарайсындар, жас жезқазғандықтар!

Сонымен қатар, перзенттерінің дамуына мүмкіндік бере отырып, оларға қолдау көрсететін ата-аналарға, шәкірттеріне өздерін көрсетуге және табысқа жетуге көмектесетін педагогтарға алғысымыз шексіз.

Әрдайым әр сәбидің аялы алақан қамқорлығын сезініп, сүйіспеншілік құшағында өсіп, ең бақытты жан болуына тілектеспіз. Әр отбасында өзара түсіністік, сенім мен келісім болсын.

Құрметті балалар, жадыраған жаздағы демалыстарың әсерлі болып, көптен күткен арман-тілектерің орындалсын!

Қайрат ӘБСАТТАРОВ,  
Жезқазған қаласының әкімі.  
Абдрахман ДОСАНОВ,  
қалалық мәслихат хатшысы.

### Құрметті жезқазғандықтар мен қала қонақтары!

1997 жылдан бастап 31 мамырда Қазақстанда саяси қуғын-сүргін және 1931-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарын еске алу күні атап өтіледі. Бұл күн Отанымыздың тарихындағы қайғылы беттердің жаршысы болып табылады.

Тарихшылардың деректері бойынша, сталиндік режим кезінде 100 мыңнан астам қазақстандық қуғын-сүргінге ұшыраған. Қазақ зиялылары аяусыз және асқан қатыгездікпен жойылды, Қазақстан халқының үштен бірі аштықтан қаза тапты.

Осындай қиын-қыстау кезеңдерде қазақ халқы басына түскен адам тәзгісіз қиындықтар мен сынақтарға қарамастан, бауырмалдық, жомарттық және сыйластық сияқты қасиеттерін жоғалтпай, сақтап қалды. Соның арқасында тағдыр тауқыметі қазақ даласына айдап әкелген басқа этностардың өкілдері ауыртпалықтарды еңсеріп, Қазақстан олардың екінші Отанына айналды. Бүгінгі таңда адамгершілік көрінісінің бұл феномені қазақстандықтардың жаңа буынының ғана емес, сонымен қатар әлем қауымдастығының да үлкен құрмет сезімін туғызуда.

Саяси қуғын-сүргіннің және өткен қайғылы оқиғалардың жазықсыз құрбандары болған аға буының өкілдеріне құрмет көрсету және олардың даналығына, табандылығы мен адамгершілік қасиеттеріне лайықты болу біздің парызымыз. Қоғамымызда қалыптасқан, уақыт теңінен өткен келісім мен өзара түсіністік әділетті Жаңа Қазақстанды құруда баға жетпес құндылығымыз. Осы байлығымызды сақтап, арттыру біздің басты мақсатымыз.

Баршаныңа аманшылық, береке-бірлік тілейміз! Елімізде әрдайым табыстарға жетелейтін бейбіт күндер көп болсын!

Қайрат ӘБСАТТАРОВ,  
Жезқазған қаласының әкімі.  
Абдрахман ДОСАНОВ,  
қалалық мәслихат хатшысы.

## Атыңнан айналайын облысым!

Ақорда жария етіп жаңалықты,  
Хабары лезде елге таралыпты.  
Ұлытауым облыс! Орталығы –  
болыпты Жезқазғандай қала мықты!

Сен ұлысың, асқақсың Ұлытауым,  
Пана болған ұлттың ірі тауым.  
Үш жүздің басын қосып Хан көтерген,  
Тарихыңды қалайша ұмытамын.

Осылай көтерілді еңсеміз де,  
Қуанып, қол соғуда ел сенімге.  
Жеріміз жақсылыққа тола берсін,  
Кенейіп ортамыз да, кеңсеміз де.

Уа, халқым алға бүгін бас қадамды,  
Бәрі де ынтымақтан басталады.  
Бөлінбей ұлтқа, руға бір болайық,  
Татулықтың қашанда асқақ өні.

Шаттана желбіреді байрағымыз,  
Гүлденсін деп тілейік байтағымыз.  
Әділдік көп айтылған Жолдау болды,  
Ел болып алғыс қана айтармыз.

Облыс болсын тойы тарқамаған,  
Ерлерім елдің жүгін арқалаған.  
Өркеніет жолында өрле биік,  
Аман бол, Қазақ елі – Отан-Анам!

Жұмағали КЕНЖАЛИН

Қосқол ауылы.

## ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

«Жезқазған жұлдыздары» үздіктер шеруі білім бәйгесінде жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан оқушыларды халыққа таныстырады. 2021-2022 оқу жылында дарабоз атанған бүлдіршіндер мен оқушылар Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде бас қосып, кіл мықты ішінен ең үздіктерін анықтады. Биылғы үздіктер шеруі қалалық білім бөлімі және «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС жанындағы «AMANAT» партиясының Қарағанды филиалымен бірлесіп ұйымдастырылды.



Жиынды қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова ашып, озағ оқушыларды осы бетінен танбай, алға ұмтылуға шақырды. Аталған іс-шарада 9 номинация

бойынша үздіктер дараланды және «Жыл оқушысы» атағына лайық оқушы есімі белгілі болды.

Жұлдігерлер арасында сахна төріне алғашқы болып «Жұлдызды

бүлдіршін» номинациясының иегерлері шықты. Бұл номинацияға қала балабақшаларынан 41 бүлдіршіннен өтініш түскен. Жеңімпаз тәтті балапандар есімін Жезқазған қаласының

құрметті азаматы Нұрия Жұмажанова жариялап, оларға арнайы гүл шоқтары мен сыйлықтарды табыстады. Сонымен қаланың кішкентай озаттары арасынан «Тамаша» балабақшасының тәрбиеленушілері Жасмин Қамзабек, Балым Дутбай, Нұрсара Жалғас, Ляйсан Мағауина және «Балдырған» балабақшасының тәрбиеленушісі Гүлсезім Мұхамеджан жетістіктерімен ерекшеленіп, «Жұлдызды бүлдіршін» атанды.

Келесі кезектегі «Жас талант» номинациясын иеленген балаларды «Қазақмыс» корпорациясы ардагерлер кеңесінің төрағасы, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Төлеген Бүкіров марапаттады. Бастауыш сынып оқушылары арасында үздіктерді анықтайтын бұл аталым бойынша жалпы 16 өтініш келіп түсіпті. Соның ішінен үздік деп танылған 5 оқушы – № 26 гимназияның 4 «в» сынып оқушысы Аврора Зурли, № 1 ЖББМ-нің 1 «в» сынып оқушысы Асылым Бақытбек, № 8 қазақ гимназиясының 3 «а» сынып оқушысы Милана Бекмұратова, № 13 ЖББМ-нің 3 «ғ» сынып оқушысы Асылтас Төлеутай және Талап ауылының № 14 ЖББМ-нің 4 «а» сынып оқушысы Айғаным Айтбай көрермен қошеметіне бөленді.

►► 2-бетте

БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ

# ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Одан әрі Жезқазған қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов «Жыл көшбасшысы» номинациясын табыстады. Бұл аталым бойынша көшбасшылық қыры басым 8 жоғары сынып оқушысынан өтініш түскен. Олардың ішінде № 24 ЖББМ-нің 10 «а» сынып оқушысы Дарья Яхно, № 10 ЖББМ-нің 10 «а» сынып оқушысы Аяулым Әмірәлі, Қ. Шыңғысов атындағы № 5 ЖББМ-нің 11 «а» сынып оқушысы Сабина Беген және № 1 ЖББМ-нің 10 «ә» сынып оқушысы Жанел Бақытова мен Қ. Сәтбаев атындағы № 7 мектеп-лицейдің 10 «ә» сынып оқушысы Нұрдулет Серкетай үздік деп танылды.

«Жыл үздігі» номинациясын Жезқазған қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мерекке Мырзабекова табыстады. Бұл аталым бойынша № 22 ЖББМ-нің 7 «б» сынып оқушысы Александр Лаврентьев пен № 4 ЖББМ-нің 11 «в» сынып оқушысы Анна Крапова, Қ. Сәтбаев атындағы № 7 мектеп-лицейдің 10 «а» сынып оқушысы Гүлназ Серік пен Балғын Қалдыбаева және № 8 қазақ гимназиясының 7 «б» сынып оқушысы Алуа Асылбекқызы жеңімпаз атанды.

«Қала мақтанышы» номинациясымен білім, ғылыми зерттеу және шығармашылық саласында жоғары жетістіктер көрсетіп, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде мысты шаһар атын шығарып жүрген оқушылар марапатталды. Биыл бұл номинацияны «Жезқазғантүстімет» өндірістік бірлестігінің бас инженері Бақыт Қиямбеков табыстады. Сонымен аталған номинацияға № 1 ЖББМ-нің 10 «а» сынып оқушысы Томирис Қонақбаева, № 8 қазақ гимназиясының 8 «в» сынып оқушысы Ханшайым Жолшара, Қ. Шыңғысов атындағы № 5 ЖББМ-нің 10 «а» сынып оқушысы Арайлым Ақылбекова, сондай-ақ № 3 ЖББМ-нің Сабина Омар мен № 26 гимназияның 8 «б» сынып оқушысы Арман Шайхив лайық деп танылды.

«Озат түлек» номинациясына қала мектептерінен 8 оқушы доғаға түскен. Оқ бойы оза шыққан Қ. Шыңғысов атындағы № 5 ЖББМ-нің 11 «ә» сынып оқушысы Қаламқас Жантүлекова, № 8 қазақ гимназиясының 7 «в» сынып оқушысы Сабина Сламғали мен № 26 гимназияның 11 «б» сынып оқушысы Әдемі Айтбекованы, № 22 ЖББМ-нің 9 «б» сынып оқушысы Арина Доценко мен Қ. Сәтбаев атындағы № 7 мектеп-лицейдің Данагүл Ибайдуллинаны Жезқазған мыс қорыту зауытының аппарат басшысы, Қарағанды облысының маслихат депутаты Силар Қиякбаев марапаттап, ізгі тілегін білдірді.

«Шығармашыл тұлға» номинациясына грамоталарды «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС Жезқазған аймағы бойынша әлеуметтік-енбек қатынастары басқармасының басшысы Сабыржан Тембаев табыс етті. Аталған номинациямен Қабден Шыңғысов атындағы № 5 ЖББМ-нің 5 «б» сынып оқушысы Аружан Масутова мен 8 «ә» сынып оқушысы Азамат Жұмабай, № 13 ЖББМ-нің 7 «ғ» сынып оқушысы Диас Төлеутай мен 7 «е» сынып оқушысы Ерасыл Маратұлы және № 8 қазақ гимназиясының 7 «а» сынып оқушысы Жанел Жаксылық марапатталды.

Келесі кезекте спорт саласында жетістікке жеткен оқушыларға арналған «Үздік спортшы» номинациясы табысталды. Іс-шараның бұл бөлігін «Кәсіпқорған» кәсіподақ комитетінің төрағасы, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Ерболат Сатыбалдин жүргізді. Сонымен биылғы оқу жылының үздік спортшылары қатарынан Кеңгір селосының № 2 ЖББМ-нің 7 «б» сынып оқушылары Аян Бақыт пен Санжар Жаксылық табылды. Оған қоса аталған номинацияны № 8 қазақ гимназиясының 9 «а» сынып оқушысы Мағжан Сұлтанни мен Малшайбай селосының № 5 негізгі орта мектебінің 9 «а» сынып оқушысы Айша Ернарқызы және № 133 ЖББМ-нің 5 «а» сынып оқушысы Жанарыс Жақанов қанжығасына байлады.

Салтанатты жиынның басты номинациясы – «Жыл оқушысы». Ең үздік оқушы есімін «АМАНАТ» партиясының «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС жанындағы Қарағанды филиалының атқарушы хатшысы, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Бауыржан Шыңғысов жариялады. Ол – № 1 ЖББМ-нің 11 «ә» сынып оқушысы Асылдай Сарқыт. Оқуда озат атанып, «Жеті өнер» IV Халықаралық шығармашылық фестиваль-конкурсанда көрсеткен айрықша өнері, дарынды қабілеті және рухани өркендеу жолындағы еңбегі үшін «GRAND PRIX» жүлдесін иеленген, I республикалық балалар мен жасөспірімдердің «Қосбасар» номинациясының II дәрежелі лауреаты, «Ұлы дала баласы» ұлттық білім сайысының облыстық кезеңінде II дәрежелі диплом иегері атанған Асылдайға 250000 тт сыйақы табысталды. Сахна төріне «Жыл оқушысының» анасын шақырған Бауыржан Шыңғысов дарынды бала тәрбиелегені үшін алғысын айта келе, ұстаздар қауымына да ризашылығын білдірді.

Ел ертеңіне айналар оқушыларды қанаттандырған іс-шара Руслан Исмаиловтың орындауындағы «Атамекен» әнімен қорытындыланды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН. А



Аптаның басында Сәтбаев қаласындағы Ш. Ділдебаев атындағы кеншілер сарайында «Сәтбаев жұлдыздары – 2022» үздіктер слеті болып өтті. Оған қаланың барлық білім беру орындары мен мектепке дейінгі мекемелерінің «мен» деген мықтылары қатысты. Бұл слет – негізінен Сәтбаев қаласы мен «Аманат» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-і жанындағы Қарағанды филиалының бірлесіп ұйымдастырып жатқан шарасы. Ол осымен 7-рет өткізіліп отыр. Слетке қала бойынша 112 жұмыс келіп түсіп, оның 41-і жеңімпаз болып танылды.

## ОЗАТТАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Үздіктерді ұлықтау салтанатының шымылдығы «Жігер» ұлт аспаптар оркестрінің орындауындағы әуезді күймен түріліп, Сәтбаев қаласы әкімінің орынбасары Айгүл Төлөдина ақжарма тілегін жолдады.

– Пәндік олимпиада – еліміздегі ең басты білім бәйгесі. Сол себепті бұл білім додасының қорытындысынан әр өңірдегі білім сапасының деңгейін білуге болады. Білім бәйгесінде біздің қаламыз үлкен жетістікке жетіп отыр. Тек білімімен ғана емес, өнерде де, спортта да өзге де байрақты бәсекелерде біздің оқушыларымыз кеншілер қаласының намысын абыроймен қорғап жүр. Біз сіздерді әр кез мақтан етеміз, – деді қала әкімінің орынбасары өз сөзінде.

Бұдан соң кезек білімде, өнер мен спортта топ жарып, биік белестерді бағындырып жүрген үздік оқушылар мен балабақша тәрбиеленушілерін марапаттау шарасына берілді. Үздіктер шеруін қаламыздың балабақшалардың бүлдіршіндері бастады. Оларды «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС еңбеккерлерінің «Жастар болашақ одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Сәтбаев қаласы мәслихатының депутаты Луиза Минбаева «Жұлдызды бүлдіршін» номинациясымен марапаттады. Бұл номинация бойынша 21 бала бақ сынаған еді. Оның 5-еуі аталмыш номинация иегері атанды. Оларға арнайы диплом мен ескерткіш сыйлықтар және тәттілер берілді. Өзге де қатысушылар сыйлық пен тәттіден құр қалған жоқ.

Бұдан соң, бастауыш мектепті тек үздік бағаммен аяқтап, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейлердегі олимпиадаларда, шығармашылық сайыстарда бірнеше дүркін жеңімпаз болған 2-4-сынып оқушылары «Жас талант» номинациясымен марапатталды. Номинация жүлдесін иелеріне қалалық білім бөлімінің басшысы Берік Ақышбеков салтанатты түрде тапсырды.

Үздіктерді ұлықтау шарасы осылайша жалғасын тауып жатты. Сәтбаев қалалық мәслихатының хатшысы Татьяна Хмилячук ұйымдастырушылық қабілеті жоғары оқушыларға «Жыл лидері» номинациясын, «Кәсіпқорған» кәсіподақ комитетінің төрағасы, облыстық мәслихаттың депутаты Ерболат Сатыбалдин ғылыми зерттеу және шығармашылық саласында жоғары жетістіктерге жетіп, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейлерде қала намысын абыроймен қорғаған оқушыларға «Қала мақтанышы» номинациясын, «Аманат» партиясы Сәтбаев қалалық филиалының атқарушы хатшысы, Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаты Қайрат Баламағамбетов «Озат түлек» номинациясын, Сәтбаев қалалық жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорнының басшысы, облыстық мәслихаттың депутаты Ержан Тоқымбаев «Жыл үздігі» номинациясын, «Қазақмыс Дистрибушн» ЖШС жылуэнергетика кәсіпорнының директоры Әшім Ишанов «Шығармашыл тұлға» номинациясын, «Жезқазғантүстімет» өндірістік бір-

лестігінің бас инженері Бақыт Қиямбеков «Үздік спортшы» номинациясын салтанатты түрде табыс етті.

Үздіктерді ұлықтау шарасы «Жыл оқушысы» номинациясын табыстаумен түйінделді. Бұл номинацияға кеншілер қаласындағы Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп гимназиясының 11-сынып оқушысы, оқу озаты, «Елбасы медалі» қола медалінің иегері, Әл-Фараби атындағы халықаралық олимпиаданың жеңімпазы, Л. Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университеттің ғылыми конференциясының жеңімпазы, Республикалық, облыстық пән олимпиадалары мен ғылыми жобалардың бірнеше дүркін жеңімпазы Оңдасын Асылжан не болды.

Номинацияны «Аманат» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жанындағы Қарағанды филиалының атқарушы хатшысы Бауыржан Шыңғысов пен Сәтбаев қаласы әкімінің орынбасары Айгүл Төлөдина табыс етті.

Бауыржан Қабденұлы сондай-ақ, Асылжан Оңдасынның ата-анасына 250 мың теңгенің сертификатын да табыстады.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Балаларға ерекше көңіл бөлу керек. Олардың әлауақты – мемлекетіміздің табысты болашағының сенімді кепілі» деп, ең алдымен, билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, балаларды қорғау бойынша нақты шараларды іске асыруды тапсырды. Сондықтан өңірде осы бағыттағы ауқымды іс-шаралар жалғасады. Жаңа технологиялар қарыштап дамып келе жатқан қазіргі уақытта жасанды интеллект, цифрландыру салаларына айрықша мән беру қажет. Дамыған елдердің қатарына қосылу үшін жастарымыз білім саласындағы әлемдік бәсекеге қабілетті болуы керек.

Әр адам өз ана тілін білуі тиіс. Сонымен қатар ағылшын тілін үйренудің де маңызы зор. Жастарымыз өз тілін ардақтай отырып, заман талабына сай үш тілді еркін меңгергені жөн. Мен білімді, талантты жастарымызға сенемін, – деді Бауыржан Қабденұлы салтанатты қорытындылай келіп.

Ізтай БЕЛГҒБАЙҰЛЫ. А Суретті түсірген В. ШАВНЕР.

21 МАМЫР – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

## ӨРКЕНИЕТТІҢ ШЫҢЫ – ӨНЕР мен МӘДЕНИЕТ

«Өнерлінің ырысы – жарқырап жатар жолында» деген халқымыз талаптыны танып, маңдайын жарқырата білген. Қай заманда да шынайы талант тасты жарып шығып, ұлт руханиятының дамуына сүбелі үлес қосып отырған. Өнерімен көкке жетіп, өрге жүзген жандар Жезқазғанда да баршылық. Расында да ұлт дамуы мен кемелденуі жолында мәдениет саласының алар орны мен атқарар ролі зор екені шүбәсіз. Мәдениет пен өнер саласындағы мәртебелі мамандық иелерінің қашанда атқарар жұмысы, халық назарына ұсынар жаңалығы да мол. Бүгінде технологияның ілгерілеп, кешегі ақпараттың мән-маңызы бәсеңсігеніне қарамастан, рухани жауһарларымыз бен мәдени құндылықтарымызды мәйек етіп қана әлемдік қауымдастық алдында егемен еліміздің еңсесін тіктеп, тұғырын биіктете аламыз.



Жыл сайын қаламызда мәдениет пен өнер қызметкерлеріне мемлекеттік қолдау көрсету, ынталандыру және әлеуметтік мәртебесін көтеру, атқарып жүрген еңбектерінің маңыздылығын арттыру мақсатында қала әкімінің сыйлықтары табысталады. Аталған үрдіс

биыл да жалғасын тапты. Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде өткен мерекелік іс-шара ұлттық аспаптар көрмесін тамашалаумен басталып, одан әрі марапаттау рәсімімен жалғасын тапты.

– Бұл күн – мәдени мұрамызды дәріптеуге зор үлес қосып жүрген

жандарды біріктірген, шығармашылық адамдарына деген айрықша құрметтің белгісі, әрбір мәдениет қызметкері үшін ерекше күн. Мәдениет және өнер саласының қызметкерлері – айналасын думанға бөлей білетін сан қырлы талант иесі және жан дүниесі бай, нағыз

өз ісінің майталман шебері ретінде өнерге берілген азаматтар. Сондықтан халыққа үздік мәдени қызмет көрсетіп жүрген мәдениет қызметкерлері мен сала ардагерлерін әрдайым мақтан етеміз. Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні – музей, кітапхана, театр, филармония, мәдениет үйлері қызметкерлерінің ғана емес, сонымен қатар сала ардагерлерінің, жалпы өнер сүйер қауымның шығармашылық мерекесі, – деген қала әкімі Қайрат Әбсәттаров құттықтау лебізін білдіріп, сала мамандарының еңбегіне толағай табыс тіледі.

Биыл мәдениет және өнер саласының қызметкерлеріне 9 номинация бойынша қала әкімінің сыйлығы табысталды. Сонымен «Жыл әртісі» номинациясын С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық драма театрының әртісі Нұржан Бейісбеков қанжығалады.

«Халық әнін үздік орындаушы» номинациясымен Т. Қалмағанбетов атындағы филармония әртісі, Жезқазған қаласының музыкалық колледжінің ұстазы Ардақ Мұқышев марапатталды.

«Алтын жолақ» номинациясын Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі Амандық Рахұлы иеленді.

«Жылдың үздік кітапханашысы» номинациясына Орталықтандырылған кітапхананың кітапханашысы Құралай Қожырбаева лайық деп танылды.

Жезқазған тарихи-археологиялық музейі көрме залымен экспозиция бөлімінің суретші-безендірушісі Сәбира Өткелова «Жылдың үздік музей қызметкері» атанды.

«Көркемөнерпаздар ұжымының үздік жетекшісі» аталымын Халықтар достығы мен мәдениеті үйінің «Шашу» халықтық би ансамблінің жетекшісі Жанна Бекжанова жеңіп алды.

«Мәдениет пен өнердің үздік техникалық менеджері» номинациясымен Т. Қалмағанбетов атындағы филармониясының дыбыс операторы Жайнат Қасымов марапатталды.

Ал «Жылдың үздік жас маманы» номинациясы Кеңгір селолық ауылдық клубының домбыра үйірмесінің жетекшісі Дәулет Асқарға бұйырды. Номинация иелеріне 100000 теңге көлемінде ақшалай сыйақы табысталды.

Ал «Мәдениет және өнер саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясымен марапатталған С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі Молдаберген Үмітай Шабатқызына 200000 теңге сертификат берілді.

Мәдениетіміздің мәйегін дәріптеп, қазақ өнерінің дамуына үлес қосып жүрген жезқазғандық сала қызметкерлерін біз де шын жүректен құттықтап, шығармашылық шабыт тіледік.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН. МТ

■ ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: СЕНИМГЕ – СЕРПІН!

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ – УАҚЫТТЫ ҮНЕМДЕУДІҢ КЕПІЛІ

2022 жылдың 16 наурызында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында, Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты кезекті Жолдауын жариялады. Бұл Жолдау елімізде жаңа саяси тәртіп құрудың негізі. Сондай өзекті мәселенің бірі – аймақтық құрылымдарды қайта құру және облыстар құру жөніндегі ұсыныс халықтың ойында жүрген, пісіп-жетілген мәселе болатын. Сол себепті Президент кең байтақ қазақ жерінің дәл жүрегінде орналасқан Ұлытаудың төл тарихымыздағы орны ерекше екенін айтып, бұрынғы Жезқазған облысының аумағында Ұлытау облысын құру қажеттігі туралы Жарлыққа қол қойды («ҚР-ның әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері» №887 Жарлық 03 мамыр 2022 жыл).

Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві Жезқазған аймағындағы тарихтың, саясаттың, мәдениеттің және экономиканың құжат негізіндегі деректерді сақтаудың кепілі. Архивте Жезқазған қаласының іргетасы қаланған бастап, Жезқазған облысының (1973-1997 ж.ж.) кезеңдері қамтитын, сондай-ақ, қалалық деңгейдегі барлық мекемелердің, өндіріс орындарының, өнеркәсіп, білім-ғылым, денсаулық, т.б. салаларының кең ауқымды құжаттары сақталған. Бұл құжаттардың келешек тарих үшін маңызы зор.

Егемендік алғаннан бері мемлекет басшысының саясатының арқасында қоғам дамуының барлық саласында түбегейлі өзгерістер болды. Соның ішінде мемлекеттік органдардың тиімді жүйесі мен құрылымы жасалып, мемлекетті басқарудың ұтымды үлгісі іске қосылды. Халықтың мемлекеттік қызмет түрлеріне қолжетімділігін арттыру бағытында игі бастамалар жүзеге асырылуда. Шынында да, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы – мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудың басты өлшемі болып табылады.

Жалпы қазіргі кезде қызмет алушылардың уақытты үнемдеу, қағазбастылықты жою мақсатында электронды көрсетілетін қызмет түрі көбейді. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің негізгі құралы – электронды үкімет порталы. Бұл халықтың қолжетімді мемлекеттік қызмет алуларына жол ашады, жеке тұлғалардан келіп түскен қағаз тасығыштағы өтініштер санын азайтуға өте тиімді. Сонымен бірге, мекеме жұмысын ашықтыққа негіздейді, жемқорлыққа жол бермейді.

Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві және жеке құрам жөніндегі филиалы жыл сайын Қазақстан азаматтарымен қатар алыс-жақын шетел азаматтарының заңды құқықтарын қорғайтын архивтік анықтамалар берумен жұмыс жасап жатыр. Мұнда негізінен, жеке және заңды тұлғалардың әлеуметтік-құқықтық сипаттағы және тақырыптағы сұраныстары орындалады. Осы орайда, Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві 2021 жылы жеке және заңды тұлғалардан – барлығы 6115 өтініш қабылдады, соның ішінде www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы – 3766, «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» ЖШО (халыққа қызмет көрсету орталығы) арқылы – 257, қағаз түрінде – 2092 архивтік анықтамалар орындалды.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, жыл сайын архивтік анықтамалар беруді талап еткен сұраныстар саны көбейіп келеді.

Мемлекеттік архивтің негізгі қызметтік бағыттарының бірі – жеке және заңды тұлғалардың әлеуметтік – құқықтық сипаттағы және тақырыптық сұраныстарын (өтініштерін) орындау болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында мемлекеттік архив «Архив ісі саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы №159 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2021 жылғы 19 қазандағы №312 бұйрығы бойынша мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын басшылыққа алады.

Қағида талаптарына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалардың өтініші беруі үш бағытта жүргізіледі:

Азаматтар архивтік анықтамаларды алу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы да жүзеге асырылады.

қызмет берушінің кәсісі.

Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар Мемлекеттік корпорациядан келіп түскен сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінгенде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі 11 (он бір) жұмыс күні ішінде беріледі.

Қазіргі таңда www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталына 4 әдіс арқылы авторизация жасай аласыз: Логин/жасырын сөз, ЭЦҚ, Digital-ID, QR – код (көрсетілетін қызметті алушылардың телефондарына «egovmobile» мобильдік қосымшасы орнатылуы керек).

Мәселен, www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы өтініш берсеңіз, ол үшін сізге ең алдымен ЭЦҚ (электронды цифрлық қолтаңба) немесе «QR-код» қажет:

– www.egov.kz порталының басты бетіне өтіп, бас менюдің «Құқықтық көмек» тарауында – Апостиль қою – «Архив анықтамаларын алу» терезесі ашылады – «Онлайн сұрау»;

– содан кейін «порталға кіру» терезесі ашылады, ол 3 кадамнан тұрады.

**Бірінші қадам** – деректерді енгізу бойынша электронды өтінімді толтырылады:

1) өтініш беруші туралы ақпарат (ЖСН, аты-жөні, тұрғылықты мекен-жайы, телефон) енгізіледі;

2) өтініш туралы ақпарат толтырылады (аймақ таңдау – сұраныс жіберілетін ұйымның атауы – сұратылып отырған құжаттың сипаттамасы – Сұраным сипаттамасы толтырылады;

3) сұранымның тақырыбы қосу батырмасын басамыз – қосымшада архивтелген деректерді алғысы келетін мәліметтерді нақты көрсетуі керек (мысалы, еңбек өтілі туралы – ол жұмыс істеген елді-мекен және ұйым, жұмыс мерзімі, қызметі және т.б.);

4) Тіркелетін құжаттар қосу – өтінішті толтырғаннан кейін еңбек кітапшасының көшірмесін (егер еңбек өтілі бойынша сұраныс болса), қосымша ақпараттар, сондай-ақ қызмет алушының мүдделерін білдіру кезінде өкілеттігін растайтын құжатты немесе нотариалды куәландырылған сенімхатты ұсынады.

5) қол қоюға өту батырмасына өтіп – екінші қадамға өтеміз.

**Екінші қадам** – Қызмет көрсетуге қолтаңба қою смс-күпия сөзін қолданып қол қою немесе ЭЦҚ қолтаңба қолданып қол қою таңдау арқылы жүзеге асырылады.

**Үшінші қадам** – Мәртебесі – сұраныс өңделуде – мәртебесін жаңарту батырмасын бассаңыз, осылайша өтінішіңіз жіберіледі.

Қызмет алушы өз өтінішінің жауабын www.egov.kz порталындағы жеке кабинетінде көре алады.

Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде жеке және заңды тұлғаларға көрсетіледі.

Төменде көрсетілген мекемелердің құжаттары:

Қ. И. Сәтбаев атындағы Жезқазған Ленин ордені тау-кен металлургиялық комбинатының (ДГМК), «Жезқазғантүстімет» құжаттары «Қазақмыс» корпорациясының ведомствалық архивінде сақтауда, мекен-жайы: **Жезқазған қаласы, Металлургов алаңы, 1.**

Туу туралы, өлім туралы, некеге тұрған/некені бұзу туралы актілік жазбалар Жезқазған қаласы әкімі аппаратының АХАТ бөлімі (РАГС/ЗАГС) архивінде сақтауда, мекен-жайы: **Жезқазған қаласы, Алаш алаңы 1, (Жезқазған әкімшілігінің 5-қабатында);**

Әскери қызмет өтілі жөніндегі ақпарат Жезқазған қаласының әскери комиссариаты (военкомат) архивінде сақтауда, мекен-жайы: **Жезқазған қаласы, Әміраллин көшесі, 26.**

«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-нің филиалы Ғ. О. Омаров атындағы Шахта өтпе жолдары трестінің құжаттары, мекен-жайы: **Жезқазған қаласы, М. Жәлел көшесі, 8.**

«Жезқазған таратушы электр торабы компаниясы» АҚ-ның құжаттары (ЖРЭК), **Жезқазған қаласы, М. Мәметова көшесі, 33** мекен-жайы бойынша сақтауда.

Көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрінің сапасын арттыру, өтініштердің орындалу барысын қадағалау және атқарушылық тәртіптің деңгейін көтеру Жезқазған қаласының мемлекеттік архив қызметкерлерінің басты мақсаты болып табылады. Сондықтан да, өтінішіңізді архивке жолдау алдында архивтік анықтаманы дайындауға қажетті архивтік құжаттардың қай архивте сақтауда екенін анықтап алуыңызға кеңес етеміз. Архивтік анықтаманы алу бойынша қосымша ақпаратты архивтің төмендегі телефондар арқылы алуға болады: «Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві» КММ-і тел.: **8(7102) 723123.** «Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві» КММ-нің жеке құрам жөніндегі филиалы тел.: **8 (7102) 410703.**

**Миргүл ТЫНЫШТЫҚБАЕВА,**  
Жезқазған қаласының мемлекеттік архивінің архивісі. (МТ)

■ АЙМАҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

● ЖӘЙРЕМ КЕНТІ

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ «БАЛАҒА ЛАГЕРЬГЕ ЖОЛДАМА СЫЙЛА!»

Жуырда Жәйрем кентінде «Балаға лагерьге жолдама сыйла!» атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Оған Жәйрем кентіндегі №30 жалпы білім беретін мектеп директорының міндетін атқарушы Гүлнұр Тускенова мен «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ кәсіподақ ұйымы ұйытқы болды.

Балаға қуаныш сыйлайтын акцияға «Өндірісші волонтерлер» тобының мүшелері, комбинат бөлімшелерінің басшылары, комбинаттың көп балалы аналарынан құралған «Мейірімді аналар» тобы мен Кәсіподақ ұйымының мамандары қатысты. Олар аз ғана уақыттың ішінде 700 мың теңге қаражат жинап, әлеуметтік қолдауға мұқтаж отбасылардың 4 баласына Алматы қаласындағы «Марал-сай» балалар лагеріне жолдама сатып алып берді. Сондай-ақ, комбинат қызметкері Самрат Алпысбаев бір жолдама құнын толықтай өзі көтеріп, жомарттық танытты.

Жолдама құнына Алматыға барып-қайту жолы, жолдағы екі

тәуліктік тамағы (барып-қайту), Алматы қаласы бойынша екі рет саяхатқа шығу («Апорт» Сауда үйінде орналасқан Аквапаркке және «Көктөбе» бағына (арқанды жол) және «Марал-сай» лагеріндегі 12 күн кіреді. Таудың басында орналасқан лагерьдегі әр күн балаларға есінен кетпес қуаныш сыйлайтын болады.

Балаларға жолдаманы тапсырған «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ тұрақты даму жөніндегі атқарушы директоры Айдос Сериков «Балаға лагерьге жолдама сыйла!» қайырымдылық акциясы чөлленджин Ләззат Қошмағамбетова басқарып отырған Қаражал қаласындағы «Өркен-Атасу» Кәсіподақ ұйымына ұсынатынын жеткізді.



Қайырымдылық шарасында жолдамаға ие болған оқушылар өздеріне осындай қуаныш сыйлаған аға-апаларына алғыстарын білдіріп, тәртіпті болуға, жақсы оқуға уәделерін берді.

Орайы келгенде айта кетейік, биылғы жыл Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен «Балалар жылы» болып белгіленгені белгілі. Осыған орай «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ еңбеккерлері балаларға арналған мұндай қайырымдылық шараларды алдағы уақытта да жүргізетін болады.

■ ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

## АУРУХАНА ЛИЦЕНЗИЯ АЛДЫ

Басың ауырып, балтырың сыздай қалса, көрінетін дәрігер, арнайы маман таппай қиналғаннан ауыр нәрсе жоқ. Мұндай жағдай Жәйрем кентінің тұрғындарының басынан өтпін келеді. Тіпті, бір жапырақ анықтама алу үшін Қарағанды мен Жезқазғанға сабылатын кез аз емес.

Жәйремдіктер енді бұдан құтылатын болды. Кенттегі аурухана басшысы, медицина ғылымдарының кандидаты Серік Орынбасаровтың бастамасымен аурухана психиатрия және наркология саласында медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензия алды. Енді кенттегі емханада психиатр мен нарколог мамандар медициналық тексеру өткізіп, анықтама беруді жүзеге асыра алады.

– Біздің аурухана жақын арада осы бағыттағы жұмыстарды жүргізуге кіріседі. Бұл көптен күткен жаңалық еді, кентіміздің барлық тұрғындары үшін сөзсіз қуаныш, – дейді білікті дәрігер Серік Орынбасарұлы.

Иә, енді Жәйрем кентінің жұртшылығы Қарағандыға, Жезқазғанға барып шаршамайды. Осындай мүмкіндікке қол жеткізген жерлестеріне Жәйрем кентінің тұрғындары дән риза.

● ҰЛЫТАУ АУДАНЫ

■ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

## ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Өткен жылғы дала өртінің салдарын аудан жұртының алды ұмыта қойған жоқ. Шабындықтар мен жасайлымдық жер отқа оранып, көптеген шаруа қожалықтары одан үлкен зардап көрді. Осындай төтенше жағдайларға әзір болу үшін қазір ауданның әр аймағында арнайы оқу-жаттығу шаралары өтуде.

Жуырда аудан әкімі Советбек Медебаев бекіткен кестеге сәйкес, ауданның Сарысу, Борсенгір, Миңбұлақ ауылдарында құрылған өрт сөндіру бекеттері мен ерікті өрт сөндірушілерінің дайындықтары пысықталды. Оған аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, аудан әкімі аппаратының азаматтық қорғау, төтенше жағдайлар жұмысы және аудандық ауыл шаруашылық бөлімінің техникалық бақылау қызметкерлерінен құрылған бірлескен топ қатысты.

Оқу-жаттығу жиынында еріктілердің өрт туралы хабарға уақытында жиналуы, құрал-жабдықтары қаралып, олармен өрт қауіпсіздік нұсқамалары жүргізілді.



Аудан әкімі аппаратының АҚ,

ТЖ жұмысы тарапынан өрт сөндірушілерге арнайы киім-кешектер, өрт сөндіру құрал-жабдықтары табысталды.

Дала өртін алдын алуға байланысты осындай оқу-жаттығу жиындары ауданның барлық кент, ауылдық округтерінде өткізілмек.

■ БӨРЕКЕЛДІ!

## МИЛЛИОН ТЕНГЕ СЫЙАҚЫ АЛДЫ

Биылғы мәдениет және өнер саласы қызметкерлерінің мерекесі Ұлытау ауданының Қаракеңгір ауылы үшін берекелі болды. Ауыл клубы республикалық байқауда топ жасырып, миллион теңгенің сертификатына ие болды.



ҚР Мәдениет және спорт министрілігінің ұйымдастыруымен жыл сайын өтетін мәдениет және өнер саласы ұйымдары мен қызметкерлерінің арасындағы «Рухани қазына – 2022» республикалық фестивалі биыл да өзінің жарқын жалғасын тапқан еді. Аталмыш шараға Ұлытау ауданының мәдениет ұйымдары да қатысып бақтарын сынаған болатын. Мәдениет пен өнер саласы қызметкерлерінің төл мерекесі күні осы шараға қатысып, жүзден жүйрік шыққандары марапатталды.

«Рухани қазына – 2022» мәдениет және өнер саласы қызметкерлері фестивалінің «Үздік ауылдық мәдениет (клуб) үйі» аталымы бойынша қомақты бәйгені Ұлытау ауданы, Қаракеңгір ауылдық клуб үйінің ұжымы жеңіп алды. Оларға арнайы диплом, фестиваль статусты және 1 миллион теңгенің сертификаты табыс етілді.

Аймақ жаңалықтарымен таныстырған Ізтай БЕЙСЕНБАЕВ



**Енді бір аптадан кейін, яғни, 5 маусымда референдум өтеді. Ол Конституция баптарының үштен біріне өзгеріс енгізуге бағытталып отыр. Қазір осы өзгерістерді халық асыға күтуде. Алайда, дәл осы тұста халық тағы екіге жарылғалы тұр. 18 мамырда Алматыда бір топ қоғам белсенділері референдум мерзімін шегеруге Президентке үндеу жолдады. Осыдан кейін ел екіге бөлінді, бірі «бұл дұрыс десе», енді бірі «бітейін деп тұрған істі несіне шегіндіріп, созбайлай береді» деген уәж айтып отыр. Осыған орай біз Қарағанды облыстық қоғамдық кеңестің мүшесі, қоғам қайраткері Майра ӘБДІРАХМАНОВАҒА қоңырау шалып, пікірін білген едік.**



**Майра ӘБДІРАХМАНОВА, Облыстық қоғамдық кеңестің мүшесі:**

# «САЯСИ ЖҮЙЕ ҮЛКЕН ӨЗГЕРІС АЛДЫНДА ТҰР»

– Майра ханым, өзіңізге белгілі, Оңтүстік астанадағы бір топ белсенділер референдум мерзімін үш айға шегеруді сұрап отыр. Олардың пайымына осы уақытта өзгеріс жобасының мазмұны өзгермек. Сіз не дейсіз? Ұсынылған жобаларға нақтылы бір өзгерістер енгізіле қоя ма? Енгізілсе ол қандай бағыттарды қамтуы мүмкін?

– Иә, елімізге белгілі оппозициялық партиялардың марғасқалары бас қосып өткізген баспасөз конференциясын мен де тыңдадым. Бұл уәжбен мен толық келіспеймін. Келіспейтін себебім, біріншіден референдумға шығарылған баптар әбден толғағы жетіп, пісуі келіскен баптар. Оған еліміздің құлтүстік және оңтүстік астаналарында өткен қорықтайларда айтылған мәселелер, кешегі қаңтардағы қайғылы оқиғаға себеп болған жайттар толық дәлел бола алады. Сондықтан, оны әлі толықтырамыз, зерделейміз деген бос әңгіме. Ертен үш ай бойы осы баптарды қайта-қайта қауғамен жүріп уақыт аламыз. Жаз шыға елдің шаруасы басталады. Референдум ұмыт қалады. Оны өткізуге бірер жеті қалғанда барып, «ойбай референдум бар екен ғой, айда талқыламаймыз ба?» деп отырамыз. Сондықтан, 5 маусым деп белгіленген референдумды сол күні өткізгеніміз жөн. Бұл референдумнан ел үлкен үміт күтіп отыр. Қазір елдің саяси жүйесі үлкен өзгеріс алдында тұр. Сондықтан оны абыроймен өткізу әрқайсымыздың азаматтық борышымыз. Елге күлкі болмауымыз керек. Қазір әлем қайтадан Қазақстанға көз тігіп, құлақ түріп, «булар қайтеді екен» деп аңдып отыр.

– Дос Қошым референдум тек Тоқаев айтқан ұсыныстарды мақұлдап қана қоймай оны жақсартып, мен қарсылардың пікір сайысы ретінде талқылауды ұсынды. Бұған не дейсіз?

– Дос Қошым ағамның бұл пікірімен де келіскім келмейді. Референдумға енгелі отырған өзгерістердің көбісі қоғамның талап-тілегі. Жаңа айтып өткенімдей, бұл мәселелер желтоқсан құрылтай-

ларында да және қаңтар оқиғасында да халықтың билікке қойған ұсыныстары, талап-тілектері еді. Ең бастысы, бұл мәселелер Тоқаев Мемлекет басына келгелі бері ашық көтеріле бастады. Бұған дейін мұндай мәселелер ашықтан-ашық айтыла қоймайтын. Тек соңғы кездері саяси партиялар мен саясаткерлер, қалың бұқара өз ойын ашық айтып, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялана бастады. Осының нәтижесінде бұлар Ата Заңымыздың кейбір баптарын өзгертуге алып келді. Кейбір баптарды деп отырғаным бер жағы. Шын мәнінде Конституцияның үштен бір бөлігі өзгертілетін болады. Бұл аз жұмыс емес және ол Тоқаевтың ғана көзқарасы емес.

– Жалпы осы өзгерістер мен толықтыруларды әуелі халықтың талқысына салу керек еді. Мұндай істі қысқа уақытта асығыс өткізуге болмайды деп отыр. Сіздіңше қалай, уақыт шын мәнінде қысқа болды ма? Халыққа толық түсіндірілмеді ме?

– Кешегі кеңестік тоталитарлық жүйенің бұғауынан босаған қай елдің халқы болмасын өз елінің, жерінің бостандығы үшін кез келген саяси маңызы бар мәселелерге бейжай қарамайды. Біздің халық та солай. Осы референдум өтеді дегенде, «е, бәсе» десіп елендей қалды. Жай елендеп қана қойған жоқ, әлеуметтік желілер арқылы өздерінің ой-пікірлерін, көзқарастарын, ұсыныс-пікірлерін айтып жатты. Соған қарағанда мен референдумға ұсынылған баптарды түсіндіру мен талқылауға уақыт жетпей қалды деген оймен де келіспеймін. Біз сөзбұйдалыққа салынбай, осы ұсынылған өзгерістерді мақұлдап, оның тез арада қабылдануына күш салуымыз керек. Оны тәптіштей берудің де, халықтың өзі ұсынған өзгерістерді өзіне түсіндірудің де қажеті жоқ деп ойлаймын. Егер, сен өз еліңнің, өз халқыңның тағдырына, оның келешегіне шын мәнінде алаңдайтын болсаң «шіркін-ай, мына заңның мына жері былай болғанда ғой» деп осыған дейін байбалам салып, айтуың керек.

– Белсенділер Президент құзреті азайып,

парламент күшейеді дегенге күмәнмен қарайды. Сіз қалай ойлайсыз?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дамыған елдердің саяси жүйесін көріп, танысып, пысықтағаннан кейін өзі суперпрезиденттік жүйеден бас тартып отыр. Барлық құзыретті Парламентке, жергілікті мәслихаттарға берді. Оны ары қарай жүргізу, дамыту сенің қолыңда. Сенің іскерлігіңе байланысты. Одан ел ешқандай жамандық көрмейді деп ойлаймын. Қайта елдің саяси жүйесінде ерекше серпіліс орын алады. Ендеше неге оған күмәнмен қарауымыз керек. Бұл біздің тәуелсіздік алғаннан бергі тарихымыздағы бірінші жағдай. Кешегі посткеңестік елдерде мұндай жүйе жоқ. Біз елге үлгі болып отырмыз. Осындай кезде пенделілікке салынып, бір-бірімізді аяқтан шалуымыз азаматтығымызға, елдігімізге сын. Осыны түсінейік. Президентіміз бізге мүмкіндік беріп отыр. Өзгелердей бәрін өзін басқарамын деп отырған жоқ қой. Меніңше, бұл билік уысынан сусып шығып бара жатқан пысықайлардың тұртпегінен туған әңгіме сияқты.

– Сенатты, Мәжілісті, Ассамблеяны тарату керек дегенді де алға тартуда. Бұл жайында сіз не дейсіз?

– Иә, Сенат туаралы да менің ойым осындай. Біздің қоғамға Сенаттың қажеті шамалы. Оның төрағасы ертең Президенттің ізбасары болады деген оймен ұстау әділетсіздік. Оның үстіне қабылданатын заңдар екі палатаның арасында ұзақ талқыланып, бір келісімге келе алмай, кері қайтарылып жатады. Осыдан барып қажетті заңдар мерзімінен кеш қабылданып жатады. Мұның бәрін мәжілістің құзырына беріп, оңтайлы шешуге болады еді. Түптің түбінде Сенат біздің қоғамдағы саясат сахнасынан біртіндеп шегеріледі деп ойлаймын.

Ал енді, Мәжіліске келейік. Мәжіліс, адам өміріне ықпалды орын болуы керек. Ол халықтың өзі қалаған депутаттардың ордасына айналуы қажет. Ол жерде білімді, ақылды, салиқалы, сабырлы азаматтар депутат болып әділ сайлануы қажет.

## БІЗДІҢ ТАҢДАУЫМЫЗ – ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ!

**Жезқазған қаласының ардагерлер кеңесінің ҮНДЕУІ**

### АРДАҚТЫ ЖЕРЛЕСТЕР!

Жезқазған қаласының ардагерлер кеңесінің төралқа отырысында «Қазақстан республикасының Конституциясына бірқатар елеулі өзгерістер енгізу туралы жалпы халықтық референдум өткізуге арналған іс-шараларды қолдау жайлы шешім қабылданды. Ағымдағы жылдың 5 маусымында өтетін референдумға сайлау құқығы бар азаматтар бір үйдің баласындай ат салысып, келешегіміздің жарқын болашағын айқындайтын Ата Заңымызға енгелі тұрған, бұқараның көңілінен шығатын өзгерістерді қолдауға шақырамыз.

Аталған саяси науқанға халықтың неғұрлым көп қатысуын қамтамасыз ету және әрбір бастауыш ұйым мүшелері референдумға ұсынылатын өзгерістерді түсіндіру тобына белсенді қатысуға шақырамыз.

Мемлекет басшысы Конституцияға ұсынған өзгерістер толыққанды сипатқа ие және елдің саяси жүйесін заман талабына сай түбегейлі өзгертеді. Ұсынылған өзгерістердің ең бастысы «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар»

бұрынғы редакциясында мемлекет меншігінде делінсе, енді мемлекет меншігі делінген сөз алынып, оның орнына «халыққа тиесілі» делінеді. Сонымен қатар саяси реформалар жөнінде де елеулі өзгерістер болмақ. Еліміздің Президенті атап өткендей, референдумның басты мақсаты: «Жаңа Қазақстанды құру». Алдағы референдум республиканың әрбір азаматына Қазақстанның болашағын айқындайтын тарихи оқиғаға қатысуына толық мүмкіндік береді.

Конституциялық түзету жобасы бойынша Қазақстан азаматтарының жалпыға бірдей дауыс беруі біздің елдің демократиялық қағидаларды берік ұстанымда екенін көрсетеді. Жезқазған қаласының ардагерлер кеңесінің төралқасы, тоғыз мыңға жуық еңбек ардагерлері атынан барлық қала жұртшылығын 5 маусым күні болатын сайлауға шақырады. Еліміздің болашағы әрқайсымыздың таңдауымызға байланысты!

**Мұрат ҚАЗАМБАЕВ, Жезқазған қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы.**



Бүгінгі күні қала бойынша дауыс беру процесін ұйымдастыру үшін қалалық референдум комиссиясы және 29 учаскелік комиссия құрылды.

Комиссиялардың құрамдары, олардың мекенжайлары мен байланыс телефондары туралы мәліметтер қалалық «Шарайна» газетінде және әкім аппаратының «Сайлау» бөлігінде жарияланды. Осы бөлікте және «Вечерний Сатпаев» газетінің ағымдағы жылдың 13 мамырындағы санында референдум учаскелерінің шекаралары туралы ақпарат берілді.

Референдум учаскелік комиссиялары 2022 жылдың 20 мамырынан бастап референдум қатысушыларына өздерінің тұрақты мекен-



Ал 16 наурызда Қазақстан халқына Жолдау арнап, саяси реформа жүргізу үшін Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы арнайы жұмыс тобы құрылды. Және осы топқа бір айдың ішінде ұсыныстар жасау тапсырылды. Сонымен бір айда Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар халықтың пікірін ескере отырып дайын болды. Ата Заңның 33 бабына 56 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жоба жасалды. Ата Заң мемлекеттің тірегі болғандықтан,

## СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫ РЕФЕРЕНДУМҒА ӘЗІР

**Қазір еліміздің барлық аймақтарында 5 маусымда өтетін референдумға қызу әзірліктер жүріп жатыр. Осы бағытта референдум учаскелері құрылып, референдумға қатысушылардың тізімдері нақтыланды. Әр учаскеге қарасты дауыс берушілерге шақыру қағаздары да жіберілді.**

Бұл жұмыс біздің Сәтбаев қаласында да қолға алынды.

Бүгінгі күні қала бойынша дауыс беру процесін ұйымдастыру үшін қалалық референдум комиссиясы және 29 учаскелік комиссия құрылды.

Комиссиялардың құрамдары, олардың мекенжайлары мен байланыс телефондары туралы мәліметтер қалалық «Шарайна» газетінде және әкім аппаратының «Сайлау» бөлігінде жарияланды. Осы бөлікте және «Вечерний Сатпаев» газетінің ағымдағы жылдың 13 мамырындағы санында референдум учаскелерінің шекаралары туралы ақпарат берілді.

Референдум учаскелік комиссиялары 2022 жылдың 20 мамырынан бастап референдум қатысушыларына өздерінің тұрақты мекен-

жайларында тіркелген тізімге енгенін тексеру үшін тізімдерді ұсынуға. Уақытша тіркелген азаматтар өз өтініштері бойынша тізімге енгізілетін болады. Өздерін тізімде таппаған әрбір азамат жергілікті атқару органына өтініш бере алады. Өздерінің дауыс берушілердің тізімінде бар екендігін тексеріп, кеңес алу үшін 3-79-86 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Қазір референдумға қатысушыларға дауыс беру орны мен уақыты туралы қосымша хабарлануда. Олардың мекенжайларына шақырулар жіберілді.

Орайы келгенде айта кетейін, 2022 жылдың 5 маусымында Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша Президент Жарлығына сәйкес республикалық референдум тағайындалды. Референдумға 18 жасқа толған және

сайлау құқығына ие азаматтар қатыса алады.

Референдум кезінде «Сіз 2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасында жазылған «Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?» атты референдум сұрағына жауап береді.

Референдум бойынша дауыс беру 2022 жылғы 5 маусымда сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін жүргізіледі.

Сәтбаевтықтарды референдумға қатысу құқығын жүзеге асыруда белсенділік танытуға шақырамыз.

**Гүлсім ЕСМҰРЗАЕВА, Сәтбаев қалалық референдум комиссиясының хатшысы.**

## РЕФЕРЕНДУМ ӨЗГЕРІСТЕРІ ЕЛГЕ ТҮСІНДІРІЛУДЕ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 11 қаңтар 2022 жылғы халыққа арнаған мәлімдемесінде саяси реформа жүргізу керектігін, бұрынғыдай «алдымен экономика, саясат содан кейін» бағытының өзгергенін атап көрсетті.**

Президент оны Парламент қабырғасында қабылдамай, бүкілхалықтық референдумға шығару туралы ұсыныс жасады. Одан кейін 5 маусымда референдум өткізу туралы Жарлық шығарды. Конституцияға енгізілетін негізгі өзгерістер мыналар: 3-тармақта «Жер, оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, табиғи ресурстар халықтық» деп көрсетілген; өлім жазасына тыйым салынады; суперпрезиденттік басқарудан бас тартып, президенттік республика моделіне өту;

биліктің өкілеттілігін қайта бөлу; халықтың ел басқару ісіне араласуын кеңейту; азаматтардың құқығын қорғау тетіктерін күшейту; Парламенттің рөлі мен мәртебесін өзгерту. Қазір жер-жерлерде арнайы штабтар құрылып, олар осы жоғарыда аталған мәселелерді қала тұрғындарына жан-жақты түсіндіріп жатыр.

**Саят БАЛМАҒАМБЕТОВ, Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты.**



# Алғысқа бөленген «Ақ әжелер!»

Бүгінгі күні құрылғанына 30 жыл болған «Ақ әжелер» ансамблінің негізін қалаған халық ақыны, Ұлытау-Жезқазған аймағына ғана емес, республикаға атағы жайылған, бірнеше жыр кітаптарының авторы Нұрасилә Бәрменбаева апамыз болатын. Ол кісі жанына қаланың әнші әжелерін жинап алып, айтылмай жүрген халық әндерін насихаттап, жарыққа шығару керек дейтін.



Дауыстары кең даладай дархан да биік әнші әжелер – Әнуза Әтібекова, Зейнеп Базылова, Күлән Омарова, Өржан Мұқышева, Шәйкен Жәкенова, Әніш, Амантай Сыздықовалар, Шәмшия Сандықбаева, Орынбасар Сағындықова, Бидәш Жакуповалар еді. Қазір сол кісілердің көзін көріп, әндерін естіп бірге жүрген Шәмшия, Бидаш үшеуіміз ғана.

Әнуза, Зейнеп апалардың мандолға қосылып айта-тын әр елдің әдемі әндері көпшіліктің әлі есінде екеніне күмән жоқ деп білемін.

Ол кісілердің жолын жалғастырып, халық әндерін, ұлтымыздың салт-дәстүрін, имандылық қағидаларын насихаттап келе жатқан қазіргі әжелер ұжымы қалыптасты. Құрамында Қазақстан Республикасының оқу ісінің, денсаулық саласының, ішкі істер қызметінің үздіктері және тағы да басқа мамандық иелері болып, халыққа қалтқысыз қызмет атқарған зейнеттегі әжелерді халық та сыйлауда.

Бір қолымен әлемді, бір қолымен бесік тербеткен әжелерге халық әркез риза болып жүреді. Олар – Алтыншаш Жәкеева, Шынар Қажмағанбетова, Тентек Жұмалдидәева, Зоя Бейсембаева, Түркен Оспанова, Ұлсара Рақымбекова, Бақыт Омарова, Орынбасар Бейсенбаева, Айтқұл Машахаева, Райхан Матаева, Төлеуғайша Науанова, Қаниса Телғозина, Несібелді Әлтаева. Өмір болған соң өкініш те болады ғой. Ансамбльдің сәні болып жүретін Алтыншаш апамыздың ортамыздан алыстап кеткеніне де бір жылдың жүзі болыпты.

Ансамбль репертуарында халық әндері «Гүлдерайым», «Ауылың сенің іргелі», «Сусамыр елдің жайлауы», «Бір бала», «Үкілім-ай», тағы да басқа көп әндер бар. «Қыз Жібек» қойылымынан алынған «Ағуғай», «Секіртпе», «Ғаққу» әндерін де халық сүйіп тындайды.

Әр жылдары бізге көмек қолын созып, ұлттық киім тіккізіп беріп, қамқор болған кісілерді айтпай кету мүмкін емес. Олар «Қазақмыс» корпорациясы ардагерлер кеңесінің төрағасы Төлеген Бүкіров ініміз, Бекзат Алтынбеков баламыз, тарихи-археологиялық музейдің басшысы болған Зинаида Чумаковаға, бүгінгі басшысы Раушан Қапароваға алғысымыз шексіз. Қалада болып жатқан барлық іс-шаралар мен мерекелерге қатыстырып, мерейімізді арттырып халық алдына шығарып жүрді.

«Ақ әжелердің» өнері тек Жезқазған қаласының жұртшылығына ғана емес, облыстың өнер-сүйер қауымының да сүйіспеншілігіне бөленген. Қарағанды қаласында өткен мұражайлардың облыстық фестивалінде өнер көрсетіп жүлделі орынға ие болды. «Ақ орамал» акциясына, Қазақ хандығының 550 жылдығына, Баубек Бұлқышев пен Мұқан Иманжановтың 100 жылдығына, «Көкмайса» халықаралық халық музыка өнерін насихаттаушылар фестиваліне қатысты. «Ардақты әже» конкурсына қатысып, шебер қолды әже, шежіре әже, жаны нұрға бөленген әже, тағы басқа атақ-абыройға бөлендік. Зоя апамыз отбасымен барып, Қарағанды қаласында өткен «Үлгілі отбасы» конкурсының бас бәйгесін жеңіп алды. Республика-

лық «Домбыра» каналындағы дәстүрлі әндерді насихаттайтын іс-шараға, Ақын Абайдың 100 жылдығы, «Сарыарқаның жаңа есімдері», аймақтық «Ақ әжелер» фестивалі, айта берсек, қалалық, облыстық деңгейдегі іс-шараларға қатысып, қаланың атын дәріптеп жүрміз.

Қазіргі уақытта «Ел боламын десең бесінді түзе», «Отбасы құндылықтары» туралы оқу орындарында жастар арасында болып, дәріс беріп жүрміз. Жаңа Қазақстанның жастарын тәрбиелеуде ата-ана, ұстаздарға көмектесіп жүргенімізге ризамыз. Біліміміз бен ілімімізді жинаған «алтын сандығымызды» ашып, шашу етіп шашып жүрген әжелер шаршамайды. Өз баласын ғана емес, елдің балаларын, жастарды тәрбиелеп, жаңа құрылыстың кетік жеріне қалана білетін жастарды тәрбиелеу – біздің басты мақсатымыз! Ол үшін ана тіліміз бен дәстүрімізге, имандылық, адамгершілік қағидаларына мықты болу керек екенін түсіндіріп насихаттау әркімнің міндеті.

Жаңа Қазақстанның жасампаз халқына Мәшһүр Жүсіп апамыз айтқан «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» жаңа заман тілейміз.

**Шүкір МОЛДАҒАЛИЕВА,**  
«Ақ әжелер» ансамблінің жетекшісі,  
Қазақстан Республикасының оқу ісінің үздігі,  
Жезқазған қаласының Құрметті азаматы.

## «Ақ әжелер» ансамблінің 30 жылдығына

### Қаниса ТЕЛҒОЗИНА

Армысыздар, қаланың жақсылары, Жас, кәрі, ағалары асқаралы. Қуанып, құшақтасып, шашу шаштық, Ұлытау облыс боп атанды әні!

Ұлытауым – ұлы болған бұрыннан, Батыр, бағлан, ғұламалар туылған. Жезқазғаным өнерлілер өлкесі, «Ақ Әжелер» ансамблі құрылған.

Сәйгүлікше зулап уақыт, өтті жыл, Көкжиектен күн де күліп төкті нұр. Шүкір әже жетекші әрі басшы боп, Үлес қосып, еңбектенді отыз жыл.

Ұстаздықпен төккен тері еленіп, Қашан көрсен абыройға бөленіп. Тең бөлісті ақылдасып ұжыммен, Бірін артық, бірін жүрмес кем көріп.

Талай істі бірігіп біз менгердік, Ән де шықап, жер аралап, ел көрдік.

Пандемияда біраз тиым көрсек те, Ауырғанға рухани дем бердік.

Әжелердің бірі асқан сексеннен, Бірі жетпіс, жетпіс бесті еңсерген. Әні де бар, сәні де бар әжелер, Кейінгіге үлгі болып ескелген.

Зоя әже, Тентек әже қыраным, Шырқағанда тарқатар ел құмарым. Бақыт, Түркен, Айтқұл әже, Шынарым, Өз-Шәмшінің шықап жүрген жыр-әнін.

Орынбасар, Төлеуғайша, Нескенім, Сондарынан ердің, жолын кеспедім. Осылардан асқан сіре жан бар ма, Өнерлінің тілеп жүрген өскенін.

Елімізде таң аралап атқандай, Жастар өсіп келе жатыр ақмандай.

Елдің көркі, қыздарымыз, бой жетіп, Күннен күміс, Айдан алтын таққандай.

Ел басқарған аман болсын азамат, Қазақ елі алға басын ғаламат. Отбасының тірегі боп Әжелер, Жасай берсін, әнін айтып саламат.

Отан жайлы шырқалып тұр әніміз, Өнерменен жадырасын жанымыз. Күндей күліп, бақытты өмір сүрейік, Жас жеткесін – «Ақ әжеміз» – бәріміз!

Еңбегімді бағалайды халық деп, Жүрген дәйім дәстүрлерді дәріптеп. Ақ әжелер Сіздерге арнап аяулы! Шын толғанып жыр жолдарын жаздым тек.

### АҚПАРАТ АРНАСЫ

#### Қарағандыдағы митинг: Билік екінші рет ескерту бергеннен кейін шараны мақұлдады

Қарағандыда жергілікті билік бұрынғы ботаникалық саябақты жеке меншіктен мемлекетке қайтаруды талап етпек болған белсенділердің митингісін мақұлдады. Бұл мәселе қаладаузақ жылдардан бері көтеріліп келеді.

Митинг өткізу туралы хабарламаны әкімдікке журналист, Қарағанды облысы қоғамдық кеңесінің мүшесі Ботагөз Омарова тапсырған. Бастапқыда әкімдік ботаника саябағына қарсы аумақ митинг өткізетін жер емес деп бірінші хабарламаны кері қайтарған. Журналист митинг өткізетін арнайы орынды белгілеп, қайта ескерту берген кезде атқарушы билік өтінішті мақұлдаған.

Өтініште шараға 200-ге дейін адам қатысады деп жазылған. Ол 11 маусымда Қарағанды орталығындағы Абай ескерткіші алдында сағат 12 мен 15 аралығында өтеді. Журналисттің айтуынша, қатысушылар 20 жылдан астам уақыт жеке меншік иелігінде болған ботаника саябағын мемлекетке қайтаруды талап етеді. Ақпаратқа қарағанда, жеке компаниялар әуелі саябаққа биік қоршаулар орнатып, тұрғындардың қиуіне бөгет жасаған. Кейін тұрғын үй және бизнес нысандарын сала бастаған.

Бірнеше жыл бұрын да қоғам белсенділері президент әкімшілігіне (ол кезде Нұрсұлтан Назарбаев президент болған) қайырылып, ботаника саябағын қайтаруды сұраған. Бірақ ол кезде мәселе шешілмеген. Саябақ аумағында құрылыс жалғасып, ағаштар кесіле берген.

Қоғамдық кеңес мүшесі болмай тұрып та, осы мәселені қозғағанмын. Бұған дейін бұл мәселені қаланың өзге белсенділері де көтерген. Бірақ ешқандай реакция болмады. Мүмкін, митинг көмектесіп қалар. Саябақ халыққа қайтарылуы тиіс. Өзірге саябақтың барлық аумағында құрылыс жүріп жатқан жоқ, сақтап қалуға болатын жерлер көп. Ботаника саябағы мәселесін үкімет деңгейінде қозғау керек. Қазір барлығы азаматтық позициямызға байланысты. Елде жағдай өзгерді деген үміттен қол үзген жоқпын. Жағдай жақсарды және осындай кішігірім қадамдардан басталады. Менің осыған сенгім келеді, – деді Ботагөз Омарова Азаттық тілшісіне.

1996 жылы қарағандылық шенеуніктер ботаника саябағын мемлекеттік деңгейде қорғалатын аймақтар санатынан шығарып, жеке меншікке сатқан. Оны бірнеше заңды тұлға сатып алған. 1940 жылы ашылған, ондаған жылдар бойы өсімдіктің мыңнан астам түрі өсірілген саябақты қала халқына қайтару мәселесін белсенділер жылдар бойы көтеріп келеді. Шамамен 500 мың халқы бар Қарағанды қаласында митингілер сирек өтеді. Құқық қорғаушылардың айтуынша, жергілікті билік түрлі желеумен тіпті жалғыз адамдық пикетті өткізбеуге тырысады.

#### БҰҰ: Босқындар әлемде алғаш рет 100 миллионнан асты

Адам құқығы мен зорлық-зомбылық салдарынан шетелге босып кеткендер мен өз елінің ішінде басқа аймаққа көшуге мәжбүр болғандар тарихта алғаш рет 100 миллион аамнан асқан. Бұл мәліметті Біріккен Ұлттар ұйымының Босқындар ісі жөніндегі жоғарғы комиссары Женевада мәлімдеді.

Сарапшылар босқындардың күрт көбеюіне Украинадағы соғыс әсер етті деп санайды. БҰҰ есебіне қарағанда, Ресей Украинаға басып кіргелі 14 миллионнан астам украин босып кеткен. Олардың алты миллионы шетелге, сегіз миллионнан астамы үйін тастап, өз елінің басқа өңіріне ауа көшкен.

Ішкі көші-қон мониторингі орталығының есебінде (IDMC қазіргі босқындар Жер бетіндегі халықтың бір пайызынан асатыны айтылған. Бұл есепке өз елінен бас сауғалап қашып, шетелден саяси баспана сұраушылар да, ел ішіндегі конфликтіге байланысты өзге өңірге көшуге мәжбүр болған 53,2 миллион адам да кіреді.

«Азаттық радиосы»,  
«ҚазАқпарат» сайттарынан.



әдебиет, мәдениет һәм өнер беті

БІР ӘННІҢ ТАРИХЫ

**Жуырда Фейсбуктен Дәрига Тілендиеваның сүйікті жары Нұрғиса Тілендиев туралы шерткен сырды оқып қалдым. Әңгіме негізінен Нұрғиса ағамыздың «Куә бол» әнінің шығу тарихына қатысты болғандықтан, «Saryarqa» газетінің оқырмандары да біле жүрсін деген оймен жазбаны қаз-қалпында ұсынамын жөн көрдім.**

«Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ өнерге ынталы болдым, – деді Дәрига жеңгей. – Әнші болсам деп армандаушы едім. Сонда көбіне-көп айтатыным Нұркеннің әндері. Әсіресе, 1960 жылдары ел аузынан түспейтін «Кең дала», «Жан сәулем» жүрегіме ерекше жақын. Ал осындай әндермен елді елең еткізген композитор күндердің күнінде менің өмірлік жарым болады деп ойлапшы ба?

Нұркен екеуіміз 1968 жылы «Қазақфильм» киностудиясында таныстық. «Қазақфильм» студиясының өндірістік бөлімінде жұмыс істеп, бір жағынан осы киностудия жанынан Шәкен Айманов ашқан екі жылдық актерлік курста оқып жүрген кезім болатын. Жұмыста отыр едім, режиссер Абдолла Қарсақбаев екеуі кіріп келді. Абдолла ағаны бұрыннан білем. Мені «қарындасым» деп, іш тартып тұрады. Сол кезде ол кісі «Менің атым Қожа» фильмін түсіріп жатқан. – Қарындасым, маған машина керек болып тұр, – деді Абдолла аға. Кино түсіріп жатқан жаққа тез арада барып қайтуға тура келіп тұр.

Өндірістік бөлімде істейтін болған соң, машиналарды жан-жаққа бөлу, түсіру, қызметкерлер тобын тегін көлікпен қамтамасыз ету біздің міндетіміз еді. Арада Нұркен:

– Ау, Абдолла, қарындасым деп тұрсың ғой, қарындасыңның аты кім? – деді.

– Дәрига.

– Жақсы екен. Қай жақтансың?

– Талдықорғаннанмын, қаланың өзінен емес, ауылынанмын, Қуыбышев колхозынан.

– Е, сендер жалайырсыңдар ғой онда, – деп Нұркен руымды дөп басқаны. «Менің жалайыр екенімді қайдан біле қойды?» деп іштей таң қалдым. Кейін білдім, Қазақстанның барлық жерін аралаған Нұркен қазақтың қай руы қай жерді мекендейтінін жақсы біледі екен. Ол кісі кімнің де болса, туған жерін сұрайтын, сосын қандай рудан екенін айтып беретін. Абдолла екеуі осыдан соң көп кідірген жоқ, шығып кетті. Бұл Нұркенді алғаш көруім. Бұрын атын ғана естітін композитордың өзін көріп, жүзбе-жүз тілдескеніме қуанып қалдым. Көңілде басқа ой жоқ...



Көп ұзамай, Нұркенмен тағы да жүздестік. Бұл менің өмірімді жаңа бір арнаға бұрған кездесу болды. Сол жолы «Қазақфильм» киностудиясында студияға келген өнер адамдарын қонақ еткен. Ішінде актер, режиссерлер, өперпаз әншілері бар. Меймандардың құрметіне қала сыртынан Алматы өзенінің жағасына киіз үй тігілді. Өрік гүл ашып, құстар сайрап, жер дүние жасыл көйлегін киіп, бір сәтте құлпырып шыға келген мамыр айының тамылжыған күні еді. Әсем Алатаудың бөктері. Сарқыраған өзен, қазақтың көлкөсір дастарқаны. Қонақтар да шат-шадыман. Әдемі әзіл, көңілді әңгіме. Ән – әнге, күй – күйге ұласқан тамаша мереке болды. Жүзі бал-бұл жанып, көзі ұшқын атып Нұркен ерекше шабытпен күй төкті. Әсіресе, «Аққуды» тартқанда қонақтардың таң қалмағаны жоқ. Қарапайым ғана екі ішекті аспаптың көмекшінен мынандай күдіретті үн шығатынына сенер-сенбесін білмегендер аңтарылып отыр.

Нұркен сол күнгі отырыстың көркі болып еді. Ғажайып өнерімен елдің бәрін тәнті етіп еді. Күннің қалай батқанын да аңғармай қалдық. Қандай жақсы отырыстың да аяқталар кезі болады. Қонақтар бар, басқалар бар қайтуға жиналды.

– Дәрига, сіздерді машина келесі жолы қатынағанда алып кетеді, күте тұрындар! – деді меймандарды күтіп жүрген ұйымдастырушы жігіттердің бірі. Ойымда ештеңе жоқ: – Жарайды, – дедім. Бір қарасам киіз үйде үшеуіміз ғана қалыпшы. Нұркен, мен және бір үлкен кісі – ақсақал. Шамасы осы үйдің иесі болуы керек. Басқалардың бәрі кеткен.

Сағат түнгі бір болды. Екі болды... Келеді деген машина әлі жоқ. Шамасы бұл алдын ала ұйымдастырылған шаруа. Солай ойладымын. Мен өзен жағасындағы үлкен тас-

тың үстіне шығып отырдым. Сол түнгі таңды ұйқысыз атырдым. Сол жерде Нұркен маған жүрек сөзін айтты. Нұркеннің бұрын үйленгенінен хабарым бар еді.

– Сіз мені қалай жақсы көресіз? Мен оған сенбеймін, – дедім.

Нұркен қатты толқып тұрды. Сол толқу үнінен де, ай нұрымен алабұртқан жүзінен де көрінді. «Сені сүйетіндігіме мына жымыңдаған жұлдыздар, жарқыраған ай, біздің Алатауымыз куә», – деді. Сонан соң өз-өзімен тілдескендей болып:

– Куә бол, жұлдыз, Куә бол, айым. Куә бол, Алатауым, – деп әлгі сөзін мен бұрын естімеген әуенмен жалғастырып әкетті.

Алатаудың өркеш-өркеш шыңдарынан ай көтеріліп келеді. Аспан төсінде жұлдыздар жымың қағады. Күркіреп аққан өзен қабаттында жұмыртқадай ақ үй, Нұркен мені сүйетініне куәлік сұрап Алатаудың ақбас шыңдарына, аспан төсінде жүзген ай мен самсаған жұлдыздарға жүгінді. Мен оған сендім. Өйткені, мұндай ән ғашық жүректен ғана туады. Нұркен осылайша мені өзінің әнімен баурап еді, жүрек сөзін әнімен айтып еді. «Куә бол» әні осылай туған...

Нұркенге тұрмысқа шыққанда мен 21 жаста едім. Ағаларың 44-те болатын. Нұркен ән шығарса да, күй шығарса да, халыққа ұсынғанда ешқашан асықпайтын. Жүрегінен қайта-қайта өткеріп, өз көңілінің сынына толғаннан кейін барып халыққа ұсынатын. Бір жылдан кейін Тұманбайды шақырып, әннің шығу тарихын айтты. «Куә бол, жұлдыз, Куә бол, айым, Куә бол, Алатауым». Бұл Нұркеннің сөздері еді. Тұманбай ол сөздерді ән қайырмасы етіп қалдырды да, қалған шумақтарын жазды. Осылайша айлы түнде дүниеге келген «Куә бол» әні көпке танылып, ғашықтардың шырқайтын бір әніне айналды...

«Фейсбук» әлеуметтік желісінен.

АУЫЛДЫҢ АЙТҚЫШТАРЫ

РАХМЕТ ТОРТА ЖАЛАП ОТЫРАТЫН

*Алпысыншы жылдардың соңында Жыланшықтың бойында «Родник» деген мал совхозы құрылды. Біздің «Аманкелді» совхозымен шекаралас болған соң ондағы ағайындар бізге жәуі келіп-кетіп жүретін. Солардың бірі – Ағзбайдың Кәрімі еді.*

Кәрім аға сөзге ұста, қиыннан қиыстырып әңгіме айтатын, шымшыма шумақтар шығаратын кісі болатын. Қызды-қыздымен әңгімесіне «қоспаны» көбейтіп жіберетіні де бар.

Бірде ауылға қонаққа келген Көкеңнен мұндағылар: «Сендердің совхоздарың құрылған жерде Шашамбайдың Рахметі деген бай тұрыпты ғой. Төрт түлігін айтағанда, оның мәшинесі де болыпты дейді, сол рас сөз бе?» – деп сұрамай ма?

Сөйтсе, иманды болғыр Кәрім аға қызып кетіп: «Өй, сендер білмейтін бе едіңдер? Рахметтің бөленбай бас мал беріп ағылшындардан алған мәшинесі болды. Менің икемімді байқаған жарықтық Ракен арнайы адам алдыртып, маған әлгі мәшинені жүргізуді ұйретті. Мәшине жер маймен жүретін. Бізде ол қайдан болсын? Әлгінің оталғышына қарын-қарын сарымай салып отырамын. Май қорытылып, мәшине жүйткіді. Ал, артқы орындықта Рахмет торта жалап отыратын», – деп соғып жіберіпті.

БҮГІНГІНІҢ САТИРАСЫ

БІЗДІҢ ҚАТЫН «ВО!»

Өлде-білде, имандай шыны. Ондай қатынды тапталғусте май шаммен жүріп іздесең де, таппайсың. «Қатын» емес «кәйіп» қой. Соны айтсам анау менің Қықым досым ертоқымын бауырына алып тулайды ғой. Онысымен қоймай елге жамандайтынын қайтерсің.

– Анау Қияс деген қияңқы жүрген. Қит етсе қатынын мақтайды барған жерінде. «Жақсы еркек атын мақтайды, жаман еркек қатынын мақтайды» деуші еді бұрынғылар, – деп мақалдайтын көрінеді.

– Өй, қатының мақтауға тұрса, неге мақтамайсың. Жұрттың бәрі Тико емес қой. Тико деп отырғанын Қықымның қатыны. Азан шақырып қойған аты – Тәтеш. Тико деп өзі бұрып алған. Сол Тиконның қандай екенін бүкіл ауыл біледі. Өзіміз ауыл болып жүріп қостық қой екеуін. Айтпақшы, ол бір «история».

Ауылдың шетінде Пішән деген кісі тұрады. Аздап құмалақ ашып, тамыр ұстайтыны бар. Қықымның қатыны қыз күнінде сол Пішәнға барады ғой. Ол құмалақ ашып, байға тиетінін, бес баласы болатынын айтпай ма. Мұны естіп алған біз: «Өй, Қықым, сенің бақытты сәтің туды. Давай, анау Тиконның соңына түс. Оған Пішән байға тиесің деп бал ашыпты. Ал, Тиконның бал десе талып түсетінін білесің ғой» деп екеуін таныстырып, табыстырып жібергенбіз.

Сол Тико бес жылдан кейін Пішәннің үйіне барыпты.

– Осыдан бес жыл бұрын сіз маған «күйеуің және бес балаң болады» деп едіңіз, – дейді салған жерден.

– Иә, қалай болды?

– Солай болды, бес бала таптым.

– Айтқаным айдай келіпті ғой. Енді не дейсің маған?

– Бәрі дұрыс қой. Бірақ күйеуім қашан болады? – дейтін көрінеді. Пішән аң-таң.

– Өй, анау бес баланы күлге аунап таптың ба, – десе, Тико:

– Қықым бес жыл болды аламын деп алмай жүргеніне, – дейтін көрінеді еніреп.

Тағы да ел болып жиналып, Қықымды қықылдатып отырып некесін қиып қосқанбыз. Қазір сол екеуі үй болып кетті ғой. Қықым да жынды. «Тиконы бір жыл көрмесендер, «балаңның бауы берік болсын!» деп айта беріңдер» дейтін көрінеді.

Сол Қықым менің қатынымды мақтағанымызды көре алмайды. Өз қатынының мақтайтын жері (бала тапқанда алдына жан салмайды енді) болмаған соң. Оның қасында біздің қатын «ертегі» ғой.

Біз дерек емеспіз бе? Сері-

лік құрып жұмыстан үйге кешіні. Ондай жұмыстан үйге кешіні кездеріміз болады. Сондайда біздің қатын Қықым құрдасыма жәуілі боламын. Анау жынды оны тыңдап болып:

– Өй, оған несіне реңжисің? Ер адам аңшы сияқты ғой. Бір күні оғы таусылғанда өзі-ақ келеді, – деп ақыл айтқан көрінеді. Өзіне де обал жоқ. Сөйтсе, біздің қатын:

– Ондай оғы таусылған аңшының маған не керегі бар? – деп Қықымды майлы жерінен теуіп, үйден қуып шығыпты. Мәләдес, ей!

Осыны естігенде Қықымды тауып алып, өй, бір мазақтадым-ау. Ол да мойындады.

– Рас-ей. Сенің қатының мықты. Өмірі сенің атыңды атамайды ғой. «Біздің үйдің кісісі», «Әкесі», «Отағасы» деп отырады. Қалай үйретіп тастағаның, – дейді аузының суы шұбырып.

– Сенің де қатының сондай ғой, – деймін мен де әдейі. – Ол да сенің атыңды бір атаған емес, «Албасты», «Малғұн», «Сұмырай», «Алқаш» деп шұбырғанда да жүреді ғой, – деймін. Қықым тас-талқан болады.

Тағы да «әйелін мақтайды» дейтін болды Қықым. Айта берсін. Біздің қатын зың ғой. Өткенде үйге келсем өзімен-өзі сөйлеп жүр.

– Не болды ей, жын иектеді ме? – десем.

– Біздің телефонға не болған? Өлгінде құрбыммен сөйлесіп едім, бір сөзін де түсінбедім, – дейді трубканы айналдыра қарап отырып.

– Екеуің кезек-кезек сөйлескендер, түсінер едіңдер ғой, – деймін мен.

– Е-е, бәсе, – дейді ол, өз кінәсін мойындап. Ондай қасиет екі қатынның бірінде жоқ. Кейде шәлкем-шалыс келіп қаламыз ғой. Сондайда:

– Осы мен ұрыс бастағанда, сен неге сағатқа қарай бересің? – деп сұрайды.

– Жаным-ау, мен екеуіңнің қайсың бұрын тоқтайды екенсің деп салыстыруға қараймын, – деймін әзілдеп. «Тұф, сенің де қылжағың таусылмайды екен бір» деп теріс айналады. Басқа қатын болса сағатыңды мына тығып, шекеңді тықылдатып қояр еді. Біздің қатын «во!» ғой.

Ізім ҒАЙЫМ.



Бетгі баптаған Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

ЕСКІДЕН ЖЕТКЕН ЕСТІ СӨЗ

**Атақты Шал ақынның шын есімі – Тілеуке екен. Оның Шал ақын деп аталуы туралы ел ішінде түрлі әңгімелер бар. Ол бала кезінде тапқыр, зерек, ойға жүйрік, алғыр болған. Жасынан сөзге үйір, шешен сөйлейтін, тілге ділмәр, ойлы жас ел арасы ақындарымен айтысқа да тәуір жүреді. Оның кішкентайынан үлкендеріне сөйлеуіне, төрде отырып төрелік айтқанына қарап жұрт «Шал» атап кетеді.**

ШАЛ АҚЫННЫҢ ХАНҒА АЙТҚАНДАРЫ

Сол замандарда ел билеп тұрған хан Шалдың әкесі – Құлеке батырдың бөйгенің алдын бермейтін жүйрік атын сұрап алып, кейін қайтармай қояды. Бірде Құлеке атын сұрауға барғанда баласы Шалды ертіп барады. Хан бала Шалдың көзінше: «Іші бөк, сырты түк сол мәстекті осыншама неге сұрай бересің?» – деген сөз айтады. Таңертең ерте тұрған Шал ханның қойшыға сазға батып, отарға ере алмай қалған бір қозыны «арқалап алып кет» дегенін естіп қалады. Шаруалары шешілмей, амалдары құрып ауылдарына қайтқанда бала Шал хан екен деп қысылмай, өлеңдетіп, оның малжандылығын бетіне басып:

– Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің, Болмайды қойға пана тал дегенің. Таң ата жалаңаяқ тоқты арқалап, Хан ата, қалай екен мал дегенің?

Сыйлайды ханымыз деп үлкен-кіші, Біреудің хақын жемес жақсы кісі. Тақтағы хан, топтағы биді еңкейткен, Хан ата, қалай екен малдың күші? – дейді.

Сөзден ұтылған хан Құлеке батырдың бәйге атын қайтарып, оған қоса бір жылқы беріпті. Хан алдында айтылған бұл өлең ел ішіне тез тарап, Тілеукеңнің ақындығын атын шығарған екен.

АСЫЛ МҰРА

МҰҚАШ пен АЙТАҚЫНЫҢ СӨЗ ҚАҒЫСУЫ

**1990 жылы Алматыда аламан айтыс өтті. Оған еліміздің барлық аймақтарының «сен тұр, мен атайын» дейтін аулы айтыс ақындары қатысты. Сол жолғы айтыста Жезқазған облысының намысын қорғаған «Дәри-дай» ақын Мұқаш Сейтқазинов пен талдықорғандық танымал ақын Айтақын Бұлғақов айтысқан еді.**

Мұқаштың домбыра тарта алмағанын мін санаған Айтақын:

– Жарыс деген қазақтың мол мұрасы, Білесің ғой, әріптес, ондырмасым. Бауырым, қалай ақын болып жүресің, Ойнамайсың қазақтың домбырасын? – деп тнісе кетеді. Сонда

Мұқаш:

– Мұндайда Қожанасыр келеді еске, Ақыным, шықпай жатып ерегіспе. Бұл жерде айтысатын домбыра емес, Қасында мына отырған мен емес пе? – деп ұтымды жауап қайтарады. Мұқаш Айтақынның арқаланып, жер тепкілеп отыратын әдетін тілге тиек етіп:

– Алматы рас, әсем, жасыл қала, Өкшеңмен беймезгілдеу тасырлама. Бұл жердің бақыры тым көп боп кетті, Шабытың бақайыңның басында ма? – дейді. Сонда Айтақын:

– Сөнбесінші ешқашан асыл әнің, Мен сенен қалай бұғып шашыламын? Еден тепкен, бауырым, айып емес, Шабытымды ол менің шақырғаным. Қорықпаймын таяқтан, Ұрғылаймын бұяқтан, Шабыт берген өзіме, Айналайын аяқтан, – деп төкпелете жөнелген екен.



## 31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

## I бөлім

Патшаны тақтан құлатып, үкімет басына қызылдар келді. Бұл жаңа үкімет елді жарылқамады, халықты, оның ішінде қазақ халқын алапат ашаршылыққа ұшыратып қынадай қырды. Алты канат, іші дүниеге толы акбоз үйлер тігулі қалында қанырап, несіз қалды. Адамдар талғажау іздеп, тышқан аулап дала кезіп кетті. Сол далада жаппай қырылып, мүрделері көмусіз қалды. «Іштен шыққан жау жаман» деген қызылдардың тышшылары безбүйрек белсенділер елдің құтын қашырды. Ар мен намысты жинап тастаған жағымпаз итаршылар елдің бетке ұстар азаматтарына жалған жала жауып ұстатып жіберді. Көгелең ауылында 15 үйдің талғажауын тауып беріп, аң аулап, құс атып әкеліп, ауылды тарықтырмай жүрген Мамай Мамырұлы деген мерген бар еді. Оның 14 жасар баласы да әкесі сияқты мерген болатын. Екеуі тыным таппай тау жағалап, жартастарға өрмелеп, Кекілік тауынан арқар, таутеке, саңырауқұр, кекілік сияқты тағы басқа да аң-құстарды аулап, алған олжаларын ауылға қылдай етіп бөліп беретін. Ел ауызында «Алла жар болсын Мамайға, ас тауып берген маңайға» деген қанатты сөз бар болатын ол кезде. Сол Мамайды өзінің бала жастан бірге өскен Мүсілім Маубасов деген досы жала жауып, ет бермегені үшін қуғын-сүргінге ұшыратты. Мамайдың достары көп еді. Соның ішінде Мүсілім Маубасов деген жігітпен етене жақын жүретін. Бір күні сол досы Мамайға:

– Бүгінгі әкелген оладанды тегіс маған бер. Ауданнан он шақты кісі келе жатыр, бәрі қызыл-жағалылар, соларды қабылдаймын» – деді.

– Сен осы сөзді қалай айтып отырсың? Ел аштықтан қырылып жатқанда қонаққа елдің күнделікті талғажауын «маған бер» деуге қалай ұялмайсың? Олар елді жарылқауға келе жатыр ма? Қырылған адамдарды қайта тірілте ме? Олар тағы бір сұмдығын әкеле жатқан шығар, – дейді Мамай.

– Сен достығымызды сақтап қалайық десең, менің сұрағанымды бер, – дейді Мүсілім.

– Жоқ, ауыл адамдарының аузынан жырып, саған бере алмаймын. Сенің достығың соған қарап тұрса, ондай достықтың құны болмағаны, – дейді Мамай.

– Бұл сенің соңғы сөзің бе?

– Иә, соңғы сөзім, – дейді Мамай.

– Онда маған өкпелесе, өзіңе-өзің өкпеле, – деп шығып кетеді Мүсілім. Біршама уақыт өткеннен кейін оңи қашып кеткен Мүсілімнің әйелі Қалима келіп, «Қазір балаңды ал да тез ауылдан кет, анау досың сені үкіметке қарсы адам, «Елді қырып жатыр», Халықты қарсы қойып жүр, ұстап беремін деп бұлқан-талқан болып жатыр. Ол ешкімді аямайды, тез кет деп үйден шығып кетті. Мамай сенер, сенбесін білмей екі ойлы болып отырып қалды. Бала жасымыздан бірге өскен доспыз ғой. Ондай сатқындыққа бара қоймас деп ойлады. Дегенмен сактану керек деген тоқтамға келді. Осы кезде үйге Мүсілім кіріп келді. Ол Мамайды құшақтап, «Сен көңіліңе алып қалдың ба, кешір мені. Соңыра кісілермен бірге бол, таныстырайын. Әдейі шақырып келдім. Тұралыдан тоқты алып, соны сойып астырып жатырмын», – деді. Мамай да күліп, бала жастан тай-құлындай тебісіп өскен досына адам өкпелей ме, жарайды барамын, – деді. Ол шығып кеткеннен кейін «мұнда не сыр бар, бұл мені ешқайда қашып кетпесін» деген қулығы ма? Дегенмен сақтық керек, «сактансаң, сактаймын» деді ғой Алланың өзі деп ойлады. Сөйтіп, отырғанда Болатбек деген жігіт келіп:

– Аға, ауылдан тез кетіп қалыңыз, маған Мүсілім сізді аңдуды тапсырды. Бір жаққа кететіндей ыңғай білдірсе, маған тез хабарла, еңбегіңді төлеймін. Егер айырылып қалсаң «Үкімет жауының қашып кетуіне көмектесті» деп итжеккенге айдатып жіберемін, – деді. Тез кетіп қалыңыз, маған алаң болмаңыз. Аман, Жүрсін, Тұрарлармен ақылдасып осындай шешімге келдік. Мен кеттім, – деп шығып кетті.

Мүсілімнің нағыз зұлым, жауыз адам екеніне көзі жеткен Мамай баласына аттарды бұлаққа суаруға апара жатқан болып, тоғайдың шетіне бара бер, ол тағы да басқа аңдұшылар қойған шығар. Маған анау Аманның баласын жібере кет, – деді. Бала айтқанын бұлжытпай орындады. Аманның баласына үйіне бар да әкене айт, «Қалиманы жылдам маған жіберсін», – деді. Аман Мамайдың ойын бірден түсінді де әйелін жіберді. Қалима келгенде Мамай марқұм әйелінің киімін киіп алып отыр екен.

– Ой, сен әйел болып кеткенсің бе, – деп күлді. – Қалима, сен күлетін жағдай емес, бұл. Жаулардан құтылып кетудің шарасы. Мынау үй-мүлік Аманға, Жүрсінге, Тұрсынға, саған аманат, тірі болсам оралармын. Өлсем сұрауы жоқ. Енді, мен қазір «сен болып екі шелекті алып, суға бара жатқан болып шығып кетемін. Орманның шетінде екі ат пен балам күтіп отыр. Сол жерге жетті-ау деп шамалған кезде үйіңе ешкімнің көзіне түспей кетіп қал, – деді де жылдам басып шығып кетті...

Мүсілімнің күткен кісілері де келді. Оны өзі алдынан шығып күтіп алып, барлық жағдайды айтып, «Мамай жаңа үкіметтің жауы, оны ұстау керек» деп өзіне айтқан сөздерінен екі есе асырып, «жаңа үкімет халықты жаппай қырып жатыр, бұған шыдауға бола ма?» деп елді азғырып жүр деген. Олар келген бетте Мамайдың үйін қоршап алды. «Оның өзі де, баласы да мерген. Өте сақ болу керек. Мен оны үйге шақырдым, ол келетін болды. Қоршамай-ақ қойыңыздар» – деді Мүсілім. Кісілер орналасқаннан кейін өзінің баласы Тобағұлды жіберіп еді, «Бала үйінде ешкім жоқ» деп келді. Мүсілім, «халық жауы» қашып кетіпті деп хабарлады. Ауданнан келгендер апыр-топыр атқа мініп, ауылды қоршап алды. Мұны көрген Жүрсін бұларды кешкіртудің ама-

лын ойлап таба қойды. Милицияның бастығына келіп, «Екі адамның анау Алтыбайдың қой қорасына кіріп бара жатқанын байқап қалдым. Мүмкін солар шығар. Бірақ сақ болыңыздар, өзі де, баласы да мерген, жазым болып жүрмеңіздер» деді. Милициялар табанда ессіз қалған қой қораны қоршап алып, «Мамай Мамыров, балаң екеуің сыртқа шығыңдар, әйтпесе қораға өрт қоямыз» деп милицияның бастығы қайта-қайта айқайлап тұр. «Сендер қоршаудасыңдар, қашып құтыла алмайсыңдар» дейді. Бірақ дыбыс жоқ. Жүрсін өзіне сенімді адам етіп көрсетіп, олардың ойын біліп алуды ойлады.


– Маған рұқсат етіңіз, мен қораға кірейін» – деді.

– Сен одан қорықпайсың ба? – деді.

– Ажалым жетіп тұрса, осы жерде де өлемін ғой. Үкіметтің мүддесі үшін өлім де қорқынышты емес. Бізді азаптан құтқарған үкімет үшін жан ая-

тоғайдың орманына қарай жөнеледі. Орманға кіре бергенде Мамайдың жауырынынан оқ тиеті. Милициялар орманға кіруден қорқып, «баласын атып түсірдік, өзімізден төрт милиция ғана қалдық, қайтайық. Ауданға барып, солдаттар алып келіп, іздеуіміз керек. Осы маңайды оған дейін бақылап тұруға екі милиция мен Мүсілімді қалдыру керек, – дейді. Сөйтіп, екі милиция мен Мүсілім қалады. Өлген милицияларды қазір әкете алмаймыз. Ауылдан көлік әкеліп жинап, жетерміз. Бірақ жатқан жерлерін көріп, белгі қойып кетейік деп, өліктерді іздеп еді ешқайсысын таба алмады. Орындарында қандары ғана жатыр. Милицияның бастығы аң-таң болып, әрі қорқып тұрып қалды. «Жоқ, бұл жерге адам қалдыруға болмайды екен, бәріміз қайтайық. Ауылға аман жетуіміз керек, сақ болайық» деп ауылға жеткенше асықты. Бірақ, олар ауылға бірде-біреуі жете алмай, қаза тапты.

## ҚАСТАНДЫҚ



## ҚАСІРЕТІ

маймыз, – деді жорыта. Ол қорада олардың жоқ екенін біліп тұр. Уақытты ұту керек.

– Сенімен бірге Мүсілім кірсін, – деді тұрғандардың біреуі. Ол:

– Жо-жоқ, ол мені табанда атып тастайды ғой, – деді.

– Сенің жаның үкіметтің мүддесінен, мына Жүрсіннің жанынан қымбат па? Мүмкін бұл «жоқ екен деп» өтірік айтып шығар, сен кіруің керек, – деді Аман. Милицияның бастығы Мүсілімге «Сен бірге кіресің» деп бұйырды. Қараңғылық қоянанып кеткен, қолдарына шам беріп, екеуін қораға жіберді. Жүрсін Мүсілімді өлтіріп жібергісі келді. Бірақ ретін таба алмады. Қораның ішін қарап Жүрсін төбесіне шықты. Ешкім жоқ, – деп айқайлады. Қораға топырлап бәрі кірді.

– Сенің көргенің өтірік болды ғой, – деді Мүсілім.

– Жоқ, – деді Тұрсын, мен кіріп, отқа жағатын ағаш алғанмын. Жүрсін соны көрген ғой, – деді. Сол әбігермен тұн ортасы болды. Іздеуді ертең жалғастыратын болды. Жүрсін олардың арасында болып, бүкіл жоспарларын біліп алды. Бірақ Мамайға жеткізе алмады. Бұл кезде Мамай өздерінің тау шыңының беткейіндегі құпия үңгіріне барып, ол да жоспар құрды.

– Балам, – деді ол, бұлар енді тыным таппайды. Мүмкін әскер алдырады. Ал Мүсілім бұл жерді біледі. Өзін білесің достарымызбен осы бұлақтың басында бір күн болып едік қой. Ол ертең сөзсіз осында ертіп келеді. Бірақ олардың ешқайсысы бұл үңгірді білмейді. Иісішіл ит әкелсе, мұны да табады. Сондықтан бұған бір амал табуымыз керек. Мен тәуекелге баруды ойлап отырмын. Біз ағаштарды жасыра алмаймыз. Сен аман қалуың керек. Мен олар келе жатқан кезде алыстан көрініп, «Кертоғайдың орманына қарай қашамын. Екінші аттың үстіне қаракшы отырғызамын. Сөйтіп екеуіміз де қашып бара жатқан боламыз. Мен мына бір жәшік оқтан 30 шақтысын аламын. Басқасы саған қалады. Мен әуелі тауды бөктерлей қашамын, алдыңғыларын атпа, артқыларын ат та, үңгірге қайт» деді. Мен келмей қалсам, өз күніңді өзін көретін дәрежең бар. Өлдекалай ауылға баратын болсаң, ер баланың киімін шешіп тастап, сұраушы қыз баланың киімін киіп, жаланақ, үсті-басың қап-қара, кір-қожақ, киімің өрім-өрім жыртық болсын. Сенің қыз бала екеніңді, тіпті Құралай деген атыңды ауылда ешкім білмейді. «Мерген бала» дейді. Ауыл сені ер-бала деп ойлап жүр. Тіпті менің достарым да білмейді...

Ертеңіне Мүсілім милицияларды бастап өзінің көрген бұлағына келді. Ешкім жоқ. Бір кезде таудың шатқалынан екі адам шыға келді. «Әне, кетіп барады» деп Мүсілім жерден жеті қоян тапқандай қуанып, айқай салды. Бәрі жапатармағай қуа жөнелді. Мамайдың астындағы «торы алаяқ» өрен жүйрік ат болатын. Олар таянғанша көрмеген болып желе жортып отырады да бір кезде тауды бөктерлей құйғыта жөнеледі. Милициялар пытырлатып атып келеді. Мамай жетектеп келе жатқан аттың үстіндегі қаракшыны жұлып алып, аттың сауырын қанжармен тіліп жіберіп, атты қоя береді. Ат ауылға қарай шауып кетеді де Мамай тауды бөктерлей қашып, баласы отырған жартастың жанынан өтеді. Мерген бала алдыңғыларын өткізіп жіберіп, артқы екеуін атып түсіреді. Мамай бір шатқалға тұра қалып, алдыңғыларын топырлатып түсіреді. Ол енді Көр-

## II бөлім

## ШҰРҚЫРАП АТЫ КЕЛДІ, ӨЗІ ҚАЙДА?

Көгелең ауылының адамдары таңертеңнен бері ауылдың жанындағы қараша төбенің басында Мамай мен баласын қуғыншылар кеткен жаққа қарап отырған. Бір кезде бұрқыраған шаңның арасынан жалғыз ат көрінді. Үстінде адамы жоқ. Ат ауылға шұрқырап кісіней кіріп, Мамайдың үйінің жанына барып тоқтады. Ауыл адамдары жапатармағай солай қарай жүгірді. Аттың қасына келген олар

– Ой, мынау Мамайдың аты ғой, – деді.

– Жоқ, бұл Бала – мергеннің аты. Оны өлтірген ғой, аттың сауырынан қан сорғалап тұр, – деді Тұрсын. Ауыл адамдары егіліп жылап «сұмырай Мүсілім Мамайдың түбіне жеткен екен ғой, Алла, оның да сазайын берсін» – деді. Сол кезде ат шұрқырап, қайта-қайта кісіней, тұрғандардың сай-сүйегін сырқыратты. Ауылдың абыз ақсақалы Мансұр келіп, аттың сауырын сипап көріп, ертоқымның үстіндегі қанды қарап, «аттың сауырын оқ емес, қанжармен тілген, ертоқымның үстіндегі қан осы аттың сауырының қаны, – деп біршама үнсіз тұрды да, егер аттың үстіндегі адамға оқ тисе, онда қан ертоқымға қарай төмен ағады. Ердің үстіне ақпайды» – деді.

– Сонда ердің үстіне қан қайдан келді? – деді біреуі.

– Аттың сауырын тіліп жібергенде шапшыған қан шығар, – деді енді біреуі.

– Жоқ, – деді Мансұр қария, ердің үстіне қанды қолмен жаққан сияқты. Бұл қауіп төнген кезде баланы сақтап қалу үшін Мамайдың жасаған айласы болуы мүмкін. Аттың сауырын қанжармен тіліп жіберіп, ертоқымның үстіне қанды жағып, баланы бір жерге жасырып, атты қоя берген болуы мүмкін. Қуғыншылар баланы «өлді» деп ойласын деген болар. Өйткені қашып құтылып кету мүмкін болмаған сияқты. Сөйтіп, өзі жалғыз қашып, бала тығылған жерден қуғыншыларды аулаққа алып кеткен болар, – деді Мансұр.

– Ал, Мамайдың өзі не болды екен? – деді Қадша.

– Оны бір Алла ғана біледі, шырағым. Жауыздардан құтылып кету оңай бола қоймас, өйткені олар көп қой – деді қария. Бұл кеш болып кетті, ертең оларды іздеу керек. Өлсе сүйегін тауып, жерлейік. Ұстап алса, кешке дейін қуғыншылар алып келеді ғой, – деді Жүрсін.

Бәрі осыған бәтуаласып, көліктерін дайындауға кірісті. Мансұр жаралы аттың жарасын емдеуге алып кетті. Бұл кезде Мамай жауырынына тиген оқтан қансырап, жағдайы ауырлап кеткен еді. Ойлана келе орманнан шығып, күре жолға баруды ұйғарды. Өлсем жүргіншілер сүйегімді тауып, бір шарасын жасар, жерлеп кетер. Мүмкін ауылдан іздеушілер шықса, тауып алар деп ойлап, күре жолға қарай жүрді. Бірақ оған жете алмай, көзкерім жер қалғанда есі ауып аттан құлады. Аты несін тастап кетпей сол маңайда жайылып жүрді...

Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ,  
Қазақстанның Құрметті журналисі,  
Ұлытау ауданының Құрметті азаматы.

(Жалғасы бар).

## АҚПАРАТ АРНАСЫ

Еліміздегі алғашқы АЭС  
Балқаш маңына салынуы  
мүмкін

«Стансаның қуаты шамамен 2,4 ГВт болады. Оны орнату аумағына келсек, Балқаш таңдалатын шығар.

Өйткені бұл аумақ баяғы кеңсе заманынан бері жіті зерттелген. Дегенмен, нақты құрылыс аумағы мен технологиялары жөнінде бір тоқтамға келген жоқпыз», деді Болат Ақшолақов Үкімет отырысынан кейін тілшілерге берген сұхбатында.

Айта кетейік, 13 мамырда Энергетика министрі АЭС құрылысы бойынша зерттеу жыл соңына дейін жалғасатынын айтқан еді.

Биыл ЖОО-ға құжат  
арнайы цифрлық платформа  
арқылы қабылданады

Осы жылы еліміздің жоғары оқу орындары түлектердің құжаттарын министрліктің бірыңғай цифрлық платформасы арқылы қабылдайды. Бұл туралы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мәліметті, – деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Алда түлектерді қорытынды емтихандар күтіп тұр. Әсіресе, жазды күні университеттер мен колледждердің жұмысы қыза түспек. Биыл оқу орындарына құжат қабылдау біздің министрліктің арнайы цифрлық платформасы арқылы жүзеге асырылады. Арнайы платформа арқылы құжат тапсыру тек мемлекеттік грантқа үмітті түлектер үшін ғана емес, сонымен қоса ақылы бөлімде оқуды жоспарлаған түлектерге де қатысты», – деді Асхат Аймағамбетов аталған ведомствода өткен аппараттық жиналыста.

Министрдің айтуынша, грант немесе ақылы бөлімге оқуға түсетін барлық түлек үшін талап ортақ.

«Осылайша құжаттар қабылдау бір жүйе арқылы іске асады. Сондықтан ЖОО-ға ескерту, баяғыдай құжаттарды кейін алып келерсіз дейтін заман кетті», – дейді ол.

Айта кетсек, алдағы оқу жылынан бастап студенттердің шәкіртакысы 20 пайызға артады.

Сондай-ақ, министрліктің аппараттық жиналысында ЖОО түлектерін еңбекпен қамту жөніндегі комиссияның жұмысы сыналды.

Одан бөлек, биыл мемлекеттік гранттардың 60 пайызы техникалық мамандықтарға бөлінетіні айтылды.

Тұрсынбек ҚАБАТОВ  
жаңа саяси партия құрмақ

Қазақстандық эзіл-сықақшы Тұрсынбек Қабатов «Абырой» атты жаңа саяси партияны құруды жоспарлап отыр. КВН жұлдызы ұлты мен дініне қарамастан Қазақстанның барлық тұрғындарының басын біріктіруге ниетті.

Алдын ала мәліметтер бойынша, партия бағдарламасында өзге міндеттердің қатарына бірліктің бірегей қазақстандық моделін сақтап қалу және арттыру, елімізде өмір сүретін барлық халықтардың арасындағы берік достықты күшейту кіреді.

Естеріңізге сала кетейік, жаңа «Абырой» партиясы Тұрсынбек Қабатовтың саясатқа келуге жасаған алғашқы әрекеті емес. 2021 жылғы маусым айында танымал эзіл-сықақшы өзінің Instagram парақшасындағы жазылушылардан «Nur Otan» партиясының праймеризіне қатысу бойынша пікірлерімен бөлісуді сұраған. Жазылушылардың көпшілігі оның бастамасын қолдады.

«Әр азаматқа шамамен  
2,5 миллион теңгеден»:Сүлейменов жаңа партияда  
қаралатын мәселелер туралы  
айтты

Бүгін Олжас Сүлейменов Алматы қаласында баспасөз мәслихатын өткізіп, жаңа «Қазақстан халық конгресі» – деп аталатын партия құратынын мәлімдеген болатын.

Олжас Сүлейменовтың қайтадан жаңғырмақ болған Қазақстанның Халық Конгресі партиясының ең алғаш боп көтерген мәселелерінің бірі:

– Қазақстаннан шетелге зансыз шығарылған 100 миллиард теңге елге қайтарылып, 19 миллион қазақстандық арасында теңдей бөлінуі керек. Әр азаматқа шамамен 2,5 миллион теңгеден шығады екен. Тұрғындар қарыздарын, несиелерін өтей алады.

«Азаттық радиосы», ҚазАқпарат,  
«Адырна» ұлттық порталының  
сайттарынан.

# ҚАЛДЫРҒАН ІЗІҢ МӘҢГІЛІК



Ол Жезді №6 орта мектепте ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарды. Мектепте мұғалімдердің ортасында абыройы асақ, беделі жоғары болатын. Ұстазымыз тірі болғанда биыл 80 жасқа толар еді... Амал нешік, сұм ажал ұстазымызды өмірден небары 47 жасында алып кетті. Алланың бұйрығына қарсы келер қайран жоқ...

Ол кісінің сабақ беру әдісіне, берген тәрбиесіне тәнті болып, ер жеттік. Сабақта қаталдық танытқанымен, жүрегі өте жұмсақ жан еді. «Айналайын» деп сыныптағы әр баланы өз баласындай басынан сылап, ақылын айтып отыратын. Жарыс, байқаларда орын алып жатсақ, балаша бізбен бірге қуанатын. Сыныпты ұйымшылдыққа, адамгершілікке баулуға үнемі тәрбие сағаттарын өткізіп, әр шәкірттің тұлға болып қалыптасуына көп көңіл бөлді. Бізге 7-сыныптан мектеп бітіргенімізге дейін сынып жетекші болып, мейірімді жүрегімен, аялы

*Ұстаз... Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаздан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаздың алдынан галым да, шахтёр да, бәрі-бәрі білім алып, өмірге қанат қағатынын жақсы білеміз. Ұстаз – біздің екінші анамыз, ақылшымыз, қамқоршымыз. Сондай керемет ұстазымыз, математика пәнінің мықты маманы, сынып жетекшіміз болған Зияш Бірманова апай еді.*



алақанымен, мықты білімімен шындап, өмір деген үлкен жолға аттандырған сәтті ешуақытта ұмытпаймыз. Міне, қазірдің өзінде бәріміз ер жетіп, жан-жаққа кетсек

те, бір-бірімізбен ымыра-бірлікте араласып тұрамыз. Бұл Зияш апайымыздың сепкен дәнінің жемісі деп білеміз. Алтыннан да қымбат ұстазымыз Зияш Бірманова апайымызды ұмыту мүмкін емес. Әр шәкірттің өмірінде қалдырған ізі мәңгілік. Зияш апай отбасында аяулы ана бола білді. Қолында қос енесі болғанын да білетінбіз, олардың да тілін тауып, келіндік міндетін де мінсіз атқарып жүретін. Отбасы мен мектепті тең ұстап, бәріне де уақыт тауып, үлгеріп, мейірім шуағын төгіп жүруші еді, жарықтық. Ұстазымыздың жасай алмаған жасын балаларына, немерелеріне нәсіп етсін Алла Тағала. Ұрпақтары өсіп, көбейе берсін.

Аяулы Зияш ұстазымызды сағынышпен еске алып, құран бағыштап, Қарақөңгір ауылындағы мәңгілік мекеніне ескерткіш тасын қойдық. Жатқан жері жайлы, жаны жаннатта болсын деп Алладан жалбарына тіледік. Одан басқа қолымыздан келетіні жоқ та ғой. Ардақты ұстаз! Сіз шәкірттеріңіз үшін мәңгі тірісіз!

Еске алушылар:  
№6 Жезді орта мектебінің  
1977 жылғы 10 «Б» сынып түлектері.

## ОРЫНДАРЫҢ ҮҢІРЕЙІП ТҰР КӨҢІЛДЕ...

Мәңгілік сапарға аттанған сыныптастарымызды қимастықпен еске аламыз, жатқан жерлеріңіз жайлы болсын.

Мәрлен ӘБЖИЕВ	Мұрат БАБЫРОВ
Нұрлан ӘЖІБАЕВ	Бахтияр РАЙЫМБЕКОВ
Рахметолла СМАҒҰЛОВ	Әйкен НӨШКЕНОВА
Мәулен АХМЕТОВ	Бейсен ЕСМАҒАМБЕТОВ
Мәрия ӘШІРБЕКОВА	Серік СМАЙЫЛОВ
Раушан АҚБЕЙСЕНОВА	Октябрь АБДРАХМАНОВ
Назан САТЫБАЛДИНОВ	Әбу АЙТҚҰЛОВ

Өмір – жалған, өтпелі екен қас-қағым, Жанға жара салатұғын, басқа мұн. Сағынышпен еске алады сендерді, Бала кезден бірге жүрген достарың.

Жұлдыздардай жан достар-ай өмірде, Сөңдіңдер-ау ерте тірлік көгінде. Жиналғанда жалтақтаймыз жол қарап, Орындарың үнірейіп тұр көңілде.

Жазмыш осы кіжін мейлі кіжінбе, Кетті достар сағыныш қап ізінде. Кеше ғана бірге едік біз, ал бүгін, Ілінді олар қайтты деген тізімге...

Күлкімізден күллі дүние жаңғырып, Жүруші едік көрген жанды таң қылып. Осы тізім жүректерде жазулы, Мекендерің пейіш болсын мәңгілік.

Еске алушылар:  
№6 Жезді орта мектебінің  
1977 жылғы 10 «Б» сынып түлектері.

*Көптілділік – бүгінгі оқытудың заманауи тәсілі. Қазіргі қоғам мұғалімнен теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды мәселелерді шеше білуді, кәсіби біліктілігін арттыруға деген белсенділікті, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуды талап етеді.*

## КӨПТІЛДІЛІК – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жуырда аудандық С. Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесінде «Көп тілді меңгерген мұғалім» атты жалпы білім беретін мектептердің үштілді білім беретін жаратылыстану-математикалық бағыттағы пән мұғалімдері арасындағы аудандық байқау өтті.

Мақсаты – мемлекеттік тілді насихаттау, пән мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін шыңдау, педагогикалық біліктілігін анықтау, жастардың бойындағы таланттарын қолдау.

Ереже бойынша сайысқа 8 жас маман қатысып, бақ сынасты. Шараны аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Гүлшат Достоева құттықтау сөзімен ашып берді.

Сайысқа қатысушылардың құлшынысы ерекше болды. Қатысушылардың қай-қайсы болмасын, өздерінің белсенді, талантты екенін дәлелдеп шықты. Олар байқау шарты бойынша үштілді білім беруде нәтижеге бағытталған өз іс-тәжірибесін шеберлікпен, шығармашылық қабілеті мен әдістемелік әлеуетінің де жоғарылығын көрсете білді. Сондай-ақ озық үлгідегі педагогикалық технологияларды



пайдалана отырып, жаңа әдіс-тәсілдерімен бөлісті. Байқау қорытындысы бойынша, I орынға Е. Шаханов атындағы тірек мектебі (ресурстық орталығы) химия пәнінің мұғалімі, жас маман Нұргүл Исина лайық деп танылды.

Осы шараға дайындық барысында Нұргүл Айболқызына қолдау көрсетіп, жанашырлық танытқан шығармашылық топтың да үлесі зор екенін айта кеткен жөн. Маржан Ташмағанбетова, Айдар Сапаров, Жансая Қозыбаева, Ерқанат Дүйсенбаев, Бағдина Шахманова, Жанар Советова, Арда Сейсенәлиева және Еркеназ Шәкеноваға мектеп ұжымының атынан риясыз ризашылығымызды білдіреміз.

Қорытындылай келгенде, қазіргі ғылым мен техника дамыған қоғамда білім беру жүйесінде кәсіби құзіреттілігі дамыған, бәсекеге қабілетті мамандар қажет. Білікті де білімді маман болу үшін әр ұстаз өз білімін заман талабына сай үнемі жетілдіріп отыруы тиіс.

Болашақ жастарымыз өз тілін ардақтай отырып, заман талабынан туған үш тілде еркін сөйлесе, әлемді ұғынарлық деңгейге жетсе, мұндай жастармен еліміздің ертеңі көркейе түсері сөзсіз.

Осыған орай оқушыларға химия пәнінің адам өміріндегі маңызын көрсете отырып, пәнге деген қызығушылығын арттыру арқылы құзіреттіліктерін дамыту, химия ғылымы жайлы түсініктерін ағылшын тілінде жетік меңгертіп, полилингвисті тұлға қалыптастыруда үштілді меңгерген жас маман Нұргүл Айболқызының алар асуы мен бағындырар белесі мол болмақ.

Айман МИЯШЕВА,  
Е. Шаханов атындағы тірек мектебі  
(ресурстық орталығы)  
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

Жаңаарқа ауданы.

### АЙМАҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

#### ЖАҢААРҚА АУДАНЫ

#### КОММУНАЛДЫҚ САЛА

### ЖАҢА ЖҮЙЕГЕ КӨШУ АЯҚТАЛЫП КЕЛЕДІ

*Баршаға мәлім, биылғы жылдың I шілдесінен бастап тұрғын үй басқарудың бұрынғы формасы өз жұмысын тоқтатады. Енді коммуналдық қызмет нарығына меншік иелері бірлестігі (МИБ) мен жәй серіктестіктер (ЖС) келеді.*

Жаңаарқа ауданының жауапты сала мамандарының берген ақпаратына қарағанда аудандағы көпқабатты тұрғын үйлерді басқарудың жаңа нысандарына көшіру жұмыстары аяқталуға жақын. Соңғы көшудің мерзімі - 20 маусым. Бүгінгі таңда жоспар бойынша жаңа жүйеге көшірілетін 57 үйдің 55-інде МИБ және ЖС құрылған. Қазір 2 үйдің тұрғындарымен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

«Бұл жұмыстарды күнделікті режимде, кешкі және демалыс күндері жүргізіп отырамыз. Мәселелер бар. Қазір жазғы уақыт, тұрғындарды үйлерінен ұстау мүмкін

емес. Кейбір тұрғындар диалогқа бармайды, олар МИБ және ЖС құруды қаламайды. Бірақ соған қарамастан, нақты нәтижелер бар және бұл жұмысты таяу күндері аяқтауды жоспарлап отырмыз», – дейді аудандық тұрғын үй инспекциясының мамандары.

Бұл жұмысты аудан әкімі Юлай Беккожин тікелей бақылауында ұстап отыр. Ол сала мамандарына жұмысты тез әрі сапалы аяқтап, кондоминиум нысандарын жылыту маусымына дайындау, жөндеу және басқа да көптеген мәселелерін шешу жұмыстарымен айналысуды қатаң тапсырды.

### «КЕНЕСАРЫ – ҚАЗАҚ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ ҰРАНЫ!»



*Жуырда Жаңаарқа ауданындағы С. Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде осындай атаумен дөңгелек үстел болып өтті. Оған кітапхананың қызмет көрсету бөлімі және ақпараттық-библиографиялық бөлім ұйытқы болды.*



Кітапханашыларымен бірлесіп ұйымдастырылған бұл айшықты шара Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы Кенесары ханның туғанына 220 жыл толуына орай өткізілді. Мақсаты – тарихи шығармалар мен деректерден ұлт-азаттық қозғалыстың алғы шарттарын, сипатын, ерекшелігін, мақсатын ашып көрсете отырып, Кенесары Қасымұлының өзі батыр, өзі хан, өзі көсем, өзі дипломат болғанын, халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен мемлекет қайраткері екендігін, «ұлт-азаттық қозғалысы»,

«тәуелсіздік» ұғымын қалыптастыру, жан-жақты талдай білуге баулу болды.

Дөңгелек үстелге О. Жұмабеков атындағы тірек мектебінің тарих пәнінің ұстазы Алма Арунова мен 9-сынып оқушылары қатысты. Іс-шара барысында қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы Нұргүл Естаева Кенесары ханның өмірі мен тарих сахнасындағы жолдарына тоқталды, сондай-ақ Кенесары хан туралы вертуалды ойындар мен сұрақтар өткізілді.

Ізтай БЕЙСЕНБАЕВ.

# Балбұлақ

балалар мен жасөспірімдер беті



## БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ

### БАЛАҢЫЗ БИЫЛ ҚАЙДА ДЕМАЛАДЫ?



**«Балалар жылы» деп жарияланған 2022 жылдың жазғы демалысы Сәтбаев қаласының оқушыларына есте қаларлықтай деңгейде өтеді деген сенім зор. Олай дейтініміз, кеншілер қаласының білім бөлімі бұл іске ерте қамданып, жан-жақты әзірліктер жасапты.**

Қалалық білім бөлімінің басшысы Берік Ақышбековтың айтуынша, биыл бұл жұмыстарға қомақты қаржы да қаралған.

– Үстіміздегі жылы жалпыға бірдей оқыту қорынан балалар мен жасөспірімдерді сауықтыруға 24 млн. 850 мың теңге бөлініп отыр. Оның 17 млн. 960 мың теңгесі 1323 баланы қамтитын мектеп алаңдарына, 6 млн. 890 мың теңгесін 106 аз қамтылған отбасының балаларын қала сыртындағы лагерьлерде демалтуға жұмсалмақ. Осы мақсатта қаламыздағы 13 мектеп жанында 13 жазғы сауықтыру лагерьлері жұмыс істейтін болады. Мұнда 1323 оқушы демалады. Олардың 165-і 1-6-сыныпты қоса алғанда ерекше білімді қажет ететін балалар. Жазғы сауықтыру лагерьі 6-24 маусым аралығында бір мезет жұмыс істейді деп жоспарланып отыр. Лагерьде болу 18 күн деп есептелген. Мұнда балалар үш мезгіл тамақтанатын, түрлі ойындар мен үйірмелерге қатысатын болады. Лагерьге негізінен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, жетім балалар, көп балалы және аз қамтамасыз етілген отбасылардың балалары тартылады, – дейді Берік Базылұлы.

Жалпы биыл кеншілер қаласының оқушылары үшін №4 мектеп-лицейі, №1 мектеп-гимназиясы және №15 мектеп ауласында қарқасты бассейндер ашылып, балаларды қуанышқа бөлейтін болады. Сондай-ақ, Ұлытаудың тарихи-археологиялық орындарына (Жошы хан, Домбауыл, Алашахан) саяхат жасай отырып, шатырлы ла-

герьер ұйымдастыру да жоспарлануда. Мұның сыртында биыл жазда «Ауылда 10 күн, қалада 10 күн», «Өнер – баршаға арналған» деген жобалар да қолға алынып отыр. Білім бөлімі басшысының айтуынша, биыл 14 пен 18 жас аралығындағы 47 оқушы «Жасыл ел» акциясына қатысып қала мен оған іргелес аумақтарды абаттандыру жұмыстарына тартылмақ.

«Балаларға мейірімді қала» халықаралық жобасы аясында кеншілер қаласындағы оқушылар сарайында «Шақты жаз» орталығының мұрындық болуымен ұйымдастырылатын «Super CAMP» жазғы лагерьі де ауқымды жұмыстар өткізбек. Мұнда робототехника, вокал, сурет, экология, домбыра үйірмелері қатысушыларға қызықты бағдарламалар әзірлеуде.

\*\*\*

Жезқазған қаласының білім бөлімі де мектеп оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастыруда арнайы жоспар жасаған. Қалалық білім бөлімінің берген ақпаратына қарағанда биыл мысты шаһардың 18 мектебінде 1700 оқушы демалатын болады. Мұның сыртында 72 оқушы қала сыртындағы демалыс орындарына барады деп жоспарланып отыр.

Балалардың жазғы демалысын тиімді өткізуі – олардың жаңа оқу жылына тың күшпен, ерекше ұмтылыспен келуіне өз септігін тигізеді, – дейді білім бөлімінің мамандары.

## БІР МЕКТЕПТЕН ҚОС ҚУАНЫШ

### «ДАРАБОЗДАН» ДАРА ШЫҚҚАНДАР

Өткен аптада «Балалар жылы» аясында Сәтбаев қаласы әкімінің қолдауымен ұйымдастырылған «Дарабоз» зияткерлік ойыны өз мәресіне жетті.

Осымен үшінші мәрте өткізілген додаға аймақтан 12 оқушы қатысып, білім деңгейлерін анықтады. Үш тур бойынша өткен ойынның алғашқы кезеңі қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Мұхтар Әуезовтың туғанына 125 жыл толуына, екіншісі ақын, ғалым, түркітанушы, аудармашы, педагог, публицист, қоғам қайраткері ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұвтың 150 жылдығына арналды. Шешуші ойынға Ұлытаудың тарихы арқау болды.

Сайыстың шарты бойынша бірнеше кезеңдерден сүрінбей



өткендер алғашқы үштік қатарынан көрінді. Осылардың ішінен «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернатының екі бірдей оқушысы «Дарабозда» дара шықты. Атап айт-

қанда, Иназ Әбілқасан I орынды жеңіп алса, Сұлұшаш Сламбек үшінші орынды иеленді.

Суретте: Қос жүлдегер И. ӘБІЛҚАСАН мен С. СЛАМБЕК.

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Облыстық Мағжан оқулары байқауында «Ақын да бір бала гөй айға ұмтылған» номинациясына қатысқан «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернатының оқушысы Мақпал Көшербай I орын иеленді.

Жетекшісі – Абай Ораз. Осылайша Мақпал шілде айында Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласында өтетін республикалық байқауда Ұлытау облысының намысын қорғайтын болды. Сәттілік тілейміз! Жарайсың, Мақпал!

Суретте: М. КӨШЕРБАЙ.

## ҚАПЕРІҢІЗДЕ ЖҮРСІН

### БАЛА ҚАТЫГЕЗ БОЛМАСЫН ДЕСЕҢ – БАУЫРЫҢА ТАРТ



Адамдар арасындағы қиын ахуал, әсіресе әке-шеше мен бала арасындағы түсініспеушіліктен туған күрделі қарым-қатынас көбіне жүйке жүйесі қатпаған балаларды қатыгез ортаға қарай итермелейді. Мұның түпкі себебі – тұлғалық тұрғыдан қалыптаспаған жастың өмірден өгейлік көруі және одан туатын өшпенділік. АҚШ-тың ең әйгілі 11 психологның бірі, 1967 жылы өмірден өткен Гордон Элборт жеке тұлғаның бүкіл адамзаттың қас жауына қалай айналуына дейінгі қылмыскер психологиясын жете зерттеп, өшпенділік пирамидасын жасады. Элборттің өшпенділік пирамидасы (Hate pyramid) – адамды құбыжыққа айналдырудың пирамидасы. Ол адамды қылмыскерге айналдыратын, бала психологиясын талқандайтын негізгі себептері бөліп көрсетеді. Адам баласын жек көруге дейін апаратын өшпенділік негізі баланы өзектен тебуден, мазақтаудан, кемсітуден бастап қалыптасады екен. Тұлғалық тұрғыдан қалыптаса қоймаған жас өзін қор сезініп, жанындағы ата-ана, достары, мектеп шетте берсе, іштей тығылып, өзін түсінетін басқа орта іздейді. Қылмыскерден бүкіл адамзатты жеккөрушіге айналатын жауыз бойындағы өзгерістер пирамидалық сатыда былай өтеді.

Ең төменгісі – біржақты стереотипті қатынас (Biased Attitudes). Бұл бес сатылы пирамиданың ең төменгісі. Бала маңайында өтіп жатқан құбылыстарға бейжай қарайды, ісіне сенімсіз, бастамашыл емес. Бойында үрей-қорқыныш басым, өз пікірін айтуға ұялып-қысылыады. Сұрағандарға дөрекі жауап береді, ашушан, пікірін өзгертпейді. Өз сенімін ақтау үшін жақтастар іздейді, ақпараттардың ішінен тек жағымсызын ғана таңдайды. Жақсыны көрмейді. Бұл кез келген адамның бойынан табылатын көрі-

Кәзіргі таңда өмірге көзқарастары толық қалыптаспаған жастардың арасында қылмыстың жасалуы жиі кездеседі. Қылмыстың жасалуына жастардың криминалдық немесе зорлық-зомбылық көрініс ортада өмір сүруі де ықпал етеді. Жастардың арасында қылмыстың көп жасалуына ол отбасындағы берілген тәрбиеге, ата-ананың балаға көңіл бөлуіне де байланысты.

## ӨШПЕНДІЛІК ПИРАМИДАСЫ

ністер. Тіпті баланың өзінің «менін» іздеуі деп те түсінуге болады. Әншейін нәрсе болып көрінсе де, бұл – өшпенділіктің бастапқы сатысы. Мектеп психологтары, балабақша тәрбиешілері кішкентай баланың бойынан осы қылықтарды байқаса, дереу дабыл қағуы тиіс. Себебі, қоғамға өгейлену, адамдарға деген өшпенділік осы жерден басталады. Екінші сатысы – біржақты әрекеттердің басы (Acts of Bias). Бұл да екі адамның бірінің басынан өтетін жайт. Бірақ, бұл жерде қарсы іс-әрекет, қарсы қимылдар басталады. Бала не жасөспірім қоғамнан өгейлене бастайды. Гордон Элборт мұны «әлеуметтік өгейлену» дейді. Себебі, қасындағылар оны қорқытады, мазақ етеді, кекетеді, оған кемсітетін лақап ат таңады. Бала өзін қорғау үшін оқиғаны әсірелейді, құпиясын ішіне жасырады, өтірік айтуды үйренеді. Себебі, ешкімге сенбейді, сондықтан ашылмайды. Қысқасы, қорғансыздың ішкі қорғанышы қисық болып қалыптасады. Осы жайттар баланың қоғамнан жаттануын жеделдетіп, қылмыс дүниесіне жақындатады.

Үшінші деңгей – қысымшылық көруі (Discrimination). Осы сатыдағы адамның қоғамнан өгейленуі белсенді түрде жүзеге асады. Мұның көріністері – экономикалық, саяси, білім алуудағы, жұмысқа орналасуда, тұрғын үйге қол жеткізудегі кемсітушіліктер. Өмір сүруге қажетті маңызды нәрселерге адамның қолы жетпейді. Не дұрыс білім алмай, маманданбай өмірден орын таппаған адам қылмыс дүниесіне жақындайды. Бұл жұрттың бәрі қылмыскер болады деген сөз емес. Ауыр тұрмыс, жоқшылық, өмірден өз орын таппау – адамды өгейлентіреді.

Төртінші деңгей – саналы түрде зорлық-зомбылыққа бару (Bias Motivated Violence). Бұл – кісі өлтіру, зорлау, басқын-

шылық шабуыл, өртеу, терроризм, вандализм, адамзаттың қасиетті жерлері мен киелі орындарын талқандау.

Бесінші деңгей – геноцид. Оны түсіндірудің қажеті жоқ, ол – адамзатты қырып-жою. Осылайша басында өз ортасынан өгейленіп, жақынынан жылу таппай, оның жанын ешкім түсінбегендіктен, оқшауланып, тұйықталған жас осылайша шеттетіле, қоғамнан өгейлене береді. Пирамида төменнен жоғарыға қарай біржақты қатынастардың шекарасын анықтайды. Әр сатыдағы мінез-құлқықтар одан аттаған адамның өміріне жағымсыз бояу жаға түседі. Яғни, заңды бұзу, қылмысқа бару бір күннің шаруасы емес, бұл жерде кінәрат ата-ана, мектеп, жолдастары мен жақындарында жатыр. Егер адамдар пирамиданың төменгі деңгейіндегі мінез-құлқықты дұрыс деп қабылдап, өзгертуге әрекет жасамаса, келесі деңгейді де қалыпта жағдай ретінде көреді. Міне, ең қауіптісі – осы. Егер қылмыскерлік әлемге сатылап кетіп бара жатқан жас қалыпты өмірге дер кезінде қайтарылмаса, аз уақыт ішінде оның құбыжыққа айналуы да тез.

Элборт пирамидасындағы сипаттамаларды мектеп психологтары, ата-анасы, ювеналдық полиция қызметкерлері жақсы ұғынса, баланың қайда кетіп бара жатқанын тез түсінер еді.

Ата-бабамыз «тәрбие – тал бесіктен басталады» деп бала дүниеге келгеннен бастап, он үшке дейін көз алдынан таса қылмай өсірсе, бұл күні оны түсінушілер аз. Өкінішке қарай, адамды сүйе алмайтын, жақындары мен әке-шешесін сыйламайтын, ұлттық тәрбиеден аттап өткен ата-анадан шыққан қатыгез бала көбейіп барады.

Бетгі баптаған Ізбасар ОЙБАС.

## PS

Баланың жазғы демалысының қызықты өтуіне бірден-бір себепкер – оның ата-анасы. Кез келген ата-ана баласының жазғы демалысын қымбат демалыс орындарында өткізгенін қалайды. Бірақ, бағасы қымбат лагерь бала үшін ең жақсы демалыс орны деген сөз емес. Сондықтан психолог-мамандар жазғы демалыс орнын таңдамас бұрын, алдымен балаңызбен ақылдасып алуға кеңес береді.

## ҰРПАҚ ҮНІ

### АДАМДАР, ҚАТАЛСЫҢДАР...

Фарица Оңғарсынованың «Жетімдер монологын» оқысам, көзіме жас келеді.

«Адамдар, қаталсыңдар, қаталдықтан әлі-ақ зар татарсыңдар, Жалғыздықтан зарығып ашынғанда мен Сендерді асылдар деп ем.

Сипайды-ау шашымнан дегем...» деп келетін өлең жолдары жетім балаларды көз алдыма елестетеді. Әсіресе, тастанды балалардың жайы жанға қатты батады.

Ата-анасы тастап кеткен жаутаңдаған сәбидің болашағы қалай болады деп ойлаймын. Әркімнің өз баласы бар. Өз баласы үшін жанұшырып жүрген ата-ана біреудің баласын не қылады?

Балалардың арасы ала-құла. Менің кейбір құрбыларым ата-анасына ренжіп, жылап, бұлқан-талқан болады. Соларға түсінбеймін. Ал тастанды балалар ата-анасының бір рет басынан сипағанын аңсайды. Әр күні «мені анам қашан алып кетер екен?» деген оймен өтеді. Ең қиыны, ол анасының кескіні-келбетін де білмейді... сағынады, бірақ көзіне елестете алмайды ғой анасын...

Біз анамыз бір күн үйден кетсе, жарығымыз сөніп, дүниенің барлық қиындығы басымызға төнгендей болады. Адамдар қате қадамға бармас бұрын баланың болашағын ойласа екен деймін...

Құрметті аналар, сәбилеріңізді тастап кетпеңіздерші. Ол Алланың адамға берген ең үлкен сыйы ғой...

Қаламқастың Фейсбуктегі парақшасынан

## ГИБРАТ

### «БАЛАЛАРҒА АЙТЫП ҚОЙСАҢ, БОЛМАС...»

1972 жылы Ақтөбе облысында іссапарда болған кезінде Дінмұхамед Қонаев Қарабұтақ деген ауданында да болған екен. Шаруашылықты аралап болғаннан кейін аудан басшысы үлкен кісіден «қуыс үйден құршықпа» дейтін қазақ салтымен, үйінен дәм татып кетуді өтінеді. Асығыс екенін айтқан Димаш ағаға аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы балаларына Димаш атасының келетінін

айтып қуантып қойғанын уәж еткенде, Дінмұхамед Ахметұлы: «Балаларға айтып қойсаң, болмас, күтіп отырған болар, үйіңе кіріп шығайық», – деп бірден келіскен деседі.

Қандай керемет адам. Баланың өзін хандай көріп, меселін қайтармаған. Бүгінгі ел тұтқасын ұстаған азаматтар осы кісіден үлгі алып, қаладағы балалар үйіне жиіп бас сұғып тұрса, қане...

Тұрмағамбет ІЗТІЛЕУҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 140 ЖЫЛ



«ЖАСЫМНАН НАЗЫМ СӨЗГЕ ШЕБЕР ЕДІМ...»

Сыр ақындарының атасы, поэзия бұлбұлы Тұрмағамбет Ізтілеуұлының 140 жылдығына орай «Парасат жолы» орталығында №2 үлгілі кітапхана-филиалы «Жасымнан назым сөзге шебер едім...» атты поэзия сағатын ұйымдастырды.

Поэзия сағатына Жезқазған гуманитарлық колледжі студенттері қатысты. Кітапханашы студенттерді жазушының өмірбаяны, шығармаларымен таныстырды. Ақынның шығармалары бүгінгі таңда ұрпақ тәрбиесінде тәлімдік мәнге ие болып жүргендіктен колледж

студенттері Сабина Сергазина, Жансая Базылбекова, Арайлым Дүйсен, Саяна Жұмабек, Дана Асқар «Ұядан ұшқанда», «Шәкіттерге», «Ұстаз ұсынысы», «Ой» атты өлеңдерін жатқа оқыды. Іс-шара соңында кітапхана меңгерушісі Ақнұр Қыдырманова колледж

студенттеріне жылы лебізін білдіріп, Алғыс хатпен марапаттады. Іс-шара өз мәнінде өтті.

Қаламқас ЕЛЕУСІЗОВА, №2 үлгілі кітапхана-филиалының кітапханашысы.

Гендерлік саясат – еліміздің демократиялық үдерісінің ең маңызды құрамдас бөлігі, оның негізгі қағидаттары Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген, әйелдер мен ерлердің тең құқығы мен еркіндігін белгілейді.

Ата Заңымыздың 27-бабының 1-тармағына сай, неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы №248 Заңымен ратификацияланған «Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы» Конвенцияның (18 желтоқсан 1979 жыл) 2-бабының с) тармағында, «қатысушы мемлекеттер әйелдерге қатысты барлық нысандағы кемсітулерді айыптайды, әйелдерге қатысты кемсітулерді жою саясатын кідіріссіз барлық тиісті тәсілдерімен жүргізуге келіседі және бұл мақсатта әйелдердің құқықтарын ерлермен тең негізде заңгерлік қорғауды қалыптастыруға және құзырлы ұлттық соттар мен басқа да мемлекеттік мекемелер көмегімен әйелдерді кез-келген кемсіту актісіне қарсы тиімді қорғауды қамтамасыз етуге міндеттенеді», – деп көрсетілген.

Гендерлік саясат – бұл қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық

қызмет және елімізде «Қазақстан Республикасының гендерлік саясат» тұжырымдамасымен реттеледі.

Қазақстандағы гендерлік саясаттың міндеттері – әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарында теңдестірілген қатысуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерілеу, отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау, жыныстық белгісі бойынша зорлықтан еркін болу. Осы негізде еліміз гендерлік теңдік саласындағы бірқатар халықаралық құжаттарға қосылып, оларды ратификациялаған, «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңдары қабылданған.

Елімізде ратификацияланған халықаралық құжаттарды жүзеге асыру мақсатында, әйелдер және ерлер арасындағы мемлекеттік құқықтар

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК – ДАМЫҒАН ҚОҒАМНЫҢ КЕПІЛІ

мен міндеттерінің тең болу кепілі, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, әйелдерге қатысты кемсіту бойынша сұрақтарды жою және гендерлік теңдікке жәрдемдесу мәселелері қолға алынған. Оған дәлел ретінде, 2018 жылы бекітілген Қазақстан Республикасының Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның орындалуы туралы бесінші кезеңдік баяндамасында көрсетілген мәліметтерді атап өтуге болады. Баяндамаға сай, 2017 жылдың қорытындысы бойынша Дүниежүзілік экономикалық форумның гендерлік алшақтық индексіне еліміз 144 ел арасында 52-орынға, «Экономикалық қатысу және әйелдердің мүмкіндіктері» көрсеткіші бойынша – 30-орынға, «Білім деңгейі» бойынша – 48-орын, «Денсаулық индексі» бойынша – 36-орын, «Саяси ілгерілеу» бойынша – 93-орынға ие.

Осы жетістіктер мен қабылданып жатқан іс-шаралар Қазақстанның қоғамдағы тең құқықты сақтау мәселелеріне жоғары бейімділігін көрсетеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы «Халық бірлігі және жүйелі рефор-

малар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында әйелдердің қоғамдағы экономикалық және саяси ұстанымдарын барынша қолдауды қамтамасыз ету жөнінде міндет қойып, еліміздегі 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат Тұжырымдамасына өзгерістер енгізуді тапсырған.

Қоғамдағы теңсіздіктердің барлық түрлерін жою – әлемдегі өркениетті озық дамыған елдердің алға қойған басты мақсаттарының бірі. Ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігін барынша қамтамасыз ету уақыт талабы.

Гендерлік теңдік саясаты мәселелері – еліміз үшін аса маңызды мәселелердің қатарынан орын алатыны мәлім. Осыған орай, осы саясатты іске асыру – біздің қоғамның әрбір мүшесі үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидатын ұстанатын Қазақстан үшін басым сипатқа ие.

Г. ШИЛДЕБАЕВА, Жезқазған қалалық сотының судьясы.

СӨЗТҰСПАЛ

Құрастырған: Айтжан ӨТЖАНҰЛЫ.

Сөйле-судің түрі	Мамлюктің 4-сұлтаны	Студент. олимпиадасы	Тазы, төбет, колли	• Құранда 114 сүре, 6288 аят, 77439 сөз, 325574 әріп бар. ***		
		Кран термині	Ресей өзені	Иттер туралы ғылым	Кения атлеті	• Адам денесінде 639 бұлшық ет бар.
Арал тең арал			Ұста құралы			
				Микро организм	Истребитель ұшақ	
Мультфильм кейіпкері	Шыңқыр табанды таңк		Газ өпш. құрал		Трактор	Әскери арсенал
				Терісі құнды тышқан		Олимп. чемпионы
Алматы көшесі				Астық алқабы	Автомат (аббревиатура)	Әріп
	На...		Кавказ өзені			Склад (қаз)
			Катод + ...		Ресей патшайымы	
Камерун футболшысы				Әскери техника	Тағам	
Пеш кірі	Пана жер	Африка аймағы			Бразилия стадионы	ФИО соңы
				Шашырат. оқ	Жаратылған адам	Қопағыш зат
Жын-пері әлемі		Батыр қаруы				№1 әріп

ЛАТЫН ӘЛІПБИИНЕ КӨШУ – ЖАҢҒЫРУДЫҢ БІРДЕН БІР ЖОЛЫ

Қоғамда өздерін көрсете алатын және өз еліне пайдалы бола алатын, жаңа қазақстандық патриотизмнің құндылықтары мен мұраттары жүйесін иеленетін патриот ұрпақ тәрбиелеу, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашу деп санаймын.

Жаңғыру – жазудан басталады. Сол сияқты Қазақстан «Рухани жаңғыру» бағдарламасын белгілеп, соның аясында көптеген іс-шараларын тындырып жатыр. Еліміздің тіл саясаты жағында да көптеген өзгерістер бой көтергені қазақстандық жұртшылыққа мәлім.

Еліміздің латын әліпбиіне көшуі – ұлттымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші байлығы – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі мемлекет және оның тарихы. Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Латын әліпбиіне көшу ұлттымызды түркі және жаһандық әлеммен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады. Жаңа әліпби бізді жана мүмкіндіктерге, зор жетістіктерге бастайтын сөзсіз.

Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген. Алаш қайраткерлері де кезінде латын әліпбиін жазу-сызуда қолданды. Бұл бізге таңсық дүние емес. Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Латын әліпбиі б.з.б. VII ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. I ғасырда қалыптасқан. Орта ғасырда латын әліпбиі Еуропаға тарады. Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. Қазіргі латын әліпбиінде 25 әріп бар. Дауысты дыбыстар е әрпі созылық және қысқа айтылуына байланысты мысалы: Liber – тәуелсіз, Liber – кітап. Яғни, айтылуына байланысты сөздердің мағыналары өзгереді.

Латын әліпбиіне көшу – өмір, заман талабы. Себебі, әр ұлттың өзіндік бірізділігі, ерекшелігі оның тілімен белгіленеді. Сондықтан тілдің дамуы, өркендеуі қандай этнос үшін болса да өте маңызды. Бұл тұрғыда қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі тіліміздің ары қарай жаңғыруына жақсы ықпал етеді.

Барлық озық технологияның тіліне айналған латын әліпбиіне көшу – еліміздің өнері мен мәдениеті үшін де үлкен рухани құбылыс болып отыр. Сондықтан да жаңа әліпбиі енгізу – халқымыздың білімі мен мәдениетінің дамуына тағы бір серпіліс әкелетін дара жолы деп білемін.

Латын әліпбиіне көшу туралы мәселе тәуелсіздік алған жылдардан бері көтеріліп келеді. «Қазақстан – 2050» стратегиясында

латын тіліне 2025 жылы толық көшетініміз туралы айтылды. Латын әліпбиіне өтсек, барлық мәселе шешіледі деп арқаны кеңге салуға да болмайды. Тілімізге бұрынғыдан да жауапкершілікпен қарап, Елбасы айтқандай «қазақ қазақпен қазақша сөйлесуі керек». Сонда тіл сөйлеген сайын шыңдалып, басқаларға да әсер ете түседі. Өз ана тіліміздің барша болмысы, тіпті оның әрбір дыбысы мен жалғау-жұрнағы – әлеуметтік өмірде өзіндік мәні бар киелі ұғым.

Әр халық өз тілі арқылы әлемді, дүниені, өмірдің құнды тағылымдарын таниды, елінің мәдениетін жасайды, түйген тұжырымдарын келешек ұрпаққа жеткізеді. Сол себепті, латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздысы сол-латын әліпбиіне көшу арқылы қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындатуға мүмкіндік аламыз. Ақпараттардан белгілі болғандай ол мынадай мәселелермен байланысты:

1. Латын әліпбиі әлемдік өркениетке аяқ басуымызға септігін тигізеді. Әлемнің 12 мемлекеті кириллицаны, ал дүниежүзі халықтарының 80%-ы латын әліпбиін қолданады.
2. Ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруге, яғни, жаңа технология тілі – ғаламтөр тілін және ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады.
3. Сол замандағы ұлы тұлғаларымыздың шығармалары мен қолжазбаларын келер ұрпақ қиындықсыз оқи алады.
4. Әлемнің әр түкпіріндегі 5 миллионға жуық қазақтардың 80 пайызы латын әліпбиін қолданады. Сол қандастарымызбен жақындасудың оңтайлы мүмкіндіктері туады.
5. Әліпбиі өзгерту төл сөздерімізді жазуда кеткен олқылықтарды жөнге келтіруге көмектесіп, қазақ сөздерінің дұрыс айтылуына ықпал етеді.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу – ұлттымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлеммен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін. Сол жолдың дұрыс ашылуына қазақ халқының әрбір азаматы үлес қосып, тіл жанашыры бола білуін тілеймін.

Бактыгүл ИСКАКОВА, №4 ЖББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ГАЗЕТТІҢ № 19 (8282) САНЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН СӨЗЖҰМБАҚТЫҢ ЖАУАБЫ:

- КӨЛДЕНЕЦІНЕН:** 1.Маруа. 3.Аракс. 5.Мұғраж. 7.Уань. 8.Қалмақ. 10.Сұлтанмахмұт. 11.Отшие. 13.Эй-дос. 15.Арагонит. 16.Красс. 18.Бидай. 19.Китвенйкна. 21.Аддислбеба. 23.Саранариск. 25.Уэдрмедани. 27.Жауын. 28.Сьян. 30.Тайталас. 32.Струг. 33.Радон. 34.Құрманғалиев. 36.Сейде. 37.Труш. 38.Лантан. 39.Құран. 40.Парта.
- ТІГІНЕН:** 1.Маркс. 2.Ахурамазда. 3.Альгамнира. 4.Салат. 5.Мәншүк. 6.Жилка. 8.Қамыт. 9.Қордай. 11.Оленк. 12.Екатеринбург. 13.Эрдельтерьер. 14.Сорпа. 17.Сайтарин. 18.Бейбарыс. 20.Трир. 22.Енза. 23.Сорос. 24.Калимантан. 25.Ушалғаншоп. 26.Иктин. 27.Жартас. 29.Надсон. 30.Түрме. 31.Сүйел. 34.Қайық. 35.Ванга. .

## ДҮЙСЕНБІ 30 МАМЫР

## QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 «Másele». 7:00 «Tañsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдерқұпиясы». 12:00 «Орман иесі».13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Телдерігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Арпа». 16:05 «Жаңа Қазақстан». Арнайы сұхбат. («Референдум-2022») 16:30 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабадалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Референдум-2022». 21:30 «Орман иесі». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:25 Aqparat. 1:00 «Референдум-2022». 1:55 «Телдерігер».

## ХАБАР

5:00 Мегахит. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Кино.

## СЕЙСЕНБІ 31 МАМЫР

## QAZAQSTAN

## САЯСИ ҚҰТЫҢ-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

6:05 «Алашшылтырары». Д/ф. 6:25 Aqparat. 7:00 «Tañsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Орман иесі». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Телдерігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Зобалан». Д/ф. 15:40 «Жаңа Қазақстан: Жанару мен жанғыру жолы». 16:00 «Күлтегін». М/ф. 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабадалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Референдум-2022». 21:30 «Орман иесі». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:25 Aqparat. 1:00 «Референдум-2022». 1:55 «Телдерігер».

## СӨРСЕНБІ 1 МАУСЫМ

## QAZAQSTAN

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

6:05 «Көңіл толқыны». (Балаларға арналған концерт). 6:25 Aqparat. 7:00 «Tañsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Орман иесі».13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Телдерігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Жаңа Қазақстан». Арнайы сұхбат. 15:35 «Жұлдыз болғын келсе...». Балаларға арналған концерт. 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабадалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Референдум-2022». 21:30 «Орман иесі». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:25 Aqparat. 1:00 «Референдум-2022». 1:55 «Телдерігер».

## БЕЙСЕНБІ 2 МАУСЫМ

## QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Tañsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Орман иесі».13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Телдерігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Жаңа Қазақстан». Арнайы сұхбат. 15:40 «Жан жылуы». (Меруерт Аман туралы). 16:05 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабадалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Референдум-2022». 21:30 «Орман иесі». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:25 «Көңіл толқыны». 0:35 Футбол. УЕФА Ұлттар лигасы. Испания - Португалия. 2:40 Aqparat.

## ХАБАР

5:00 Мегахит. 7:00 «Оян!» 10:00 Кино. 12:00

## ЖҰМА 3 МАУСЫМ

## QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Tañsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Орман иесі».13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Телдерігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Жаңа Қазақстан». Арнайы сұхбат. 15:40 Д/ф. («Екінші республика»). 16:05 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабадалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Референдум-2022». 21:30 «Орман иесі». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:35 Футбол. УЕФА Ұлттар лигасы. Бельгия - Нидерланд. 2:40 Aqparat.

## ХАБАР

5:00 Мегахит. 7:00 «Оян!» 10:00 «Телемара-

## СЕНБІ 4 МАУСЫМ

## QAZAQSTAN

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӨМІЗДЕРІ КҮНІ

6:05 «Жәдігер». 6:25 «Киелі Qazaqstan». Д/ф. 6:45 Aqparat. 7:20 «Қазақтар». 7:55 «Дәуір даналары». Д/ф. 8:40 «Күй-керуен». 9:15 «Зинһар». (Шамшия Жұбатыра). 10:00 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 14:00 «Әзіл әлемі». 16:10 «Озын». М/ф. 17:35 «Егемен елдің нышандары». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:20 «Másele». 21:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 22:40 «Жат мекен». 23:40 «Көңілшар». 0:10 Aqparat. 0:35 Футбол. УЕФА Ұлттар лигасы. Италия - Германия. 2:40 «Másele».

## ЖЕКСЕНБІ 5 МАУСЫМ

## QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 6:45 «Көңіл толқыны». 7:00 Aqparat. 7:10 «Күміс көмей». 8:00 Aqparat. 8:10 «Ақсауыт». 8:35 «Киелі Qazaqstan». Д/ф. 9:00 Aqparat. 9:10 «Көңіл толқыны». 9:40 «Жаңа Қазақстан». Онлайн марафон. 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 11:00 Aqparat. 11:10 «Гүлдер құпиясы». 11:40 «Жаңа Қазақстан». Онлайн марафон. 12:00 Aqparat. 12:15 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 13:00 Aqparat. 13:15 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 13:40 «Жаңа Қазақстан». Онлайн марафон. 14:00 Aqparat. 14:10 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 15:00 Aqparat. 15:15 «Күй-керуен». 15:40 «Жаңа Қазақстан». Онлайн марафон. 16:00 Aqparat. 16:15 Қуандық Рахымның концерті. 17:00 Aqparat. 17:20 Қуандық Рахымның концерті (жалғасы). 17:40 «Жаңа Қазақстан». Онлайн ма-

12:00 «Шашу». 13:00 «Қарлығаш ұя салғанда». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Вторая республика». 20:50 «На особом контроле». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Тұмар». 22:30 «Қарлығаш ұя салғанда 2». 0:00 «Народный контроль». 0:30 «Егіз жүрек».

## АСТАНА

06:00 «Кэбэк». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:10 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «SagarTimes». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Преподы» т/с. 15:35 «Келинка тоже человек» Х/ф. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Өткініш жаңбыр». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:45 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 01:45 «Қызғалдақ». 02:25

## ХАБАР

5:00 Мегахит. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Кино. 12:00 «Шашу». 13:00 «Қарлығаш ұя салғанда 2». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Екінші республика». 20:50 «Ерекше бақылауда». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Тұмар». 22:30 «Қарлығаш ұя салғанда 2». 0:00 «Егіз жүрек».

## АСТАНА

06:00 «Кэбэк». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Преподы» т/с. 15:35 «Келинка тоже человек 2» Х/ф. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Өткініш жаңбыр». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:45 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 01:45 «Қызғалдақ». 02:25

## ХАБАР

5:00 Мегахит. 7:00 «Оян!». 10:00 Кино. 12:00 «Шашу». 13:00 «Қарлығаш ұя салғанда 2». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Біздің назарда». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 . «Тұмар». 22:30 «Қарлығаш ұя салғанда 2». 0:00 «Егіз жүрек».

## АСТАНА

06:00 «Кэбэк». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Преподы» т/с. 15:35 «Пять причин не влюбиться в казаха» Х/ф. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Өткініш жаңбыр». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:45 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 01:45 «Қызғалдақ».

«Детектив әже». 13:00 «Қарлығаш ұя салғанда 2». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Тұмар». 22:30 «Қарлығаш ұя салғанда 2». 0:00 «Егіз жүрек».

## АСТАНА

06:00 «Кэбэк». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Преподы» т/с. 15:35 «Замуж в 30» Х/ф. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Өткініш жаңбыр». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:45 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 01:45 «Қызғалдақ». 02:25 «Айтарым бар». 03:20 «Astana times». 04:20 «Үздік әзілдер».

фон». 14:00 «Қарлығаш ұя салғанда 2». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Телемарафон». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Тұмар». 22:30 «Қарлығаш ұя салғанда 2». 0:00 «Егіз жүрек».

## АСТАНА

06:00 «Кэбэк». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:25 «Өзгерістер өзегі» Д/ф. 15:00 «Қағаз кеме». 15:35 «Преподы» т/с. 16:00 «Семьянин» Х/ф. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Өткініш жаңбыр». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:45 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 01:45 «Қызғалдақ». 02:25 «Айтарым бар». 03:20 «Astana times». 04:20 «Үздік әзілдер».

5:00 Кино. 7:00 Т/х марафоны. «Көрімдік». 8:45 «Өзін-өзі тану». 9:00 «XXI ғасыр көпбасшысы». 10:00 «Tangy fresh». 10:30 «Тағдыр жолы». Жүмеке Нәжімеденов. 11:00 Концерт. «ВІ-Жұлдыз». 12:45 Т/х марафоны. «Шашу». 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. 20:00 «Алашұлы» тобының ән кеші. 22:00 «Отдел журналистских расследований. Ближе к делу». 23:30 Т/х марафоны. «Тұмар».

## АСТАНА

06:00 «Кэбэк». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:15 Әбдіжаппар Әлқожа концерті. 13:30 «My love is Aisulu» Х/ф. 15:30 «Рокетир» Х/ф. 17:25 «Рекетир 2» Х/ф. 20:00 «Астана кеші көңілді». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:35

рафон. 18:00 Aqparat. 18:10 «Гүлдер құпиясы». 19:00 Aqparat. 19:10 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:40 «Жаңа Қазақстан». Онлайн марафон. 21:00 Aqparat. 21:20 Төреғали Төреәлінің концерті. 22:00 Aqparat. 22:30 «Жат мекен». 23:00 Aqparat. 23:10 «Жат мекен». 23:40 «Жаңа Қазақстан». Онлайн марафон. 0:00 Aqparat. 0:35 Футбол. УЕФА Ұлттар лигасы. Чехия – Испания. 2:40 «Ақсауыт».

## ХАБАР

5:00 Кино. 6:45 «Самопознание». 7:00 «Алашұлы» тобының ән кеші. 8:00 Жаңалықтар. 8:10 «Абай жолы». 9:00 Новости. 9:10 «Абай жолы». 10:00 Жаңалықтар. 10:10 «Абай жолы». 11:00 Новости. 11:10 «Абай жолы». 12:00 Жаңалықтар. 12:10 «Бүгін». 13:00 Новости. 13:10 «Абай жолы». 14:00 Жаңалықтар. 14:10 «Абай жолы». 15:00 Новости. 15:10 «Большая неделя». 16:00 Жаңалықтар. 16:10 «Абай жолы». 17:00 Новости. 17:10 «Абай жолы». 18:00 Жаңалықтар. 18:10 «Бүгін». 19:00 Новости. 19:10 «Абай жо-

«SagarTimes». 03:20 «Astana times». 04:20 «Үздік әзілдер».

## КТК

07:05 «Мерекелік концерт». 07:50 «Дау-дамайсыз». 08:15 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 10:00 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 12:00 «Кішкентай мемлекет», т/х. 12:40 «Было дело». 15:40 «Тень звезды». 17:30 «Подари мне счастье». 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Пропавшая невеста». 01:20 «Наследники». 02:10 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03:40-04:10 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:40 Оян, Qazaqstan Music. 07:10 «Серг пен сезім». 08:10 «Қадам». 09:00 Х/ф «Каникулы off-line-2». 11:00 Х/с «Позднее раскayание». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зын-зын Күлпәш». 15:20

ханшайым». 01:00 «Ене». 01:45 «Қызғалдақ». 02:25 «Айтарым бар». 03:20 «Astana times». 04:20 «Үздік әзілдер».

## КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:25 «Ozat отбасы», ток-шоу. 08:15 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 10:00 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 12:00 «Кішкентай мемлекет», т/х. 12:50 «Было дело». 13:40 «Пропавшая невеста». 17:30 «Подари мне счастье». 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Пропавшая невеста». 01:20 «Наследники». 02:10 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03:40-04:10 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:40 Оян, Qazaqstan Music. 07:10 «Серг пен сезім». 08:10 «Қадам». 09:00 «Родком». 10:00 Х/с «Женский доктор». 11:00 Х/с «Позднее раскayание». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зын-зын Күлпәш». 15:20 «Гадалка». 16:30 «Родком». 17:30 Х/с

02:25 «Айтарым бар». 03:20 «Astana times». 04:20 «Үздік әзілдер».

## КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:25 «Ozat отбасы», ток-шоу. 08:15 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 10:00 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 12:00 «Кішкентай мемлекет», т/х. 12:50 «Было дело». 13:40 «Пропавшая невеста». 17:30 «Подари мне счастье». 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Город невест». 01:40 «Наследники». 02:30 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 04:00-04:30 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:40 Оян, Qazaqstan Music. 07:10 «Серг пен сезім». 08:10 «Қадам». 09:00 «Родком». 10:00 Х/с «Женский доктор». 11:00 Х/с «Позднее раскayание». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зын-зын Күлпәш». 15:20 «Гадалка». 16:30 «Родком». 17:30 Х/с

## КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:25 «Ozat отбасы», ток-шоу. 08:15 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 10:00 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 12:00 «Кішкентай мемлекет», т/х. 12:50 «Было дело». 14:20 «Город невест». 17:30 «Подари мне счастье». 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Город невест». 01:40 «Наследники». 02:30 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 04:00-04:30 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:40 Оян, Qazaqstan Music. 07:10 «Серг пен сезім». 08:10 «Қадам». 09:00 «Родком». 10:00 Х/с «Женский доктор». 11:00 Х/с «Позднее раскayание». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зын-зын Күлпәш». 15:20 «Гадалка». 16:30 «Родком». 17:30 Х/с «Женский доктор». 18:30 «Aibat». 19:00

## КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:25 «Ozat отбасы», ток-шоу. 08:15 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 10:00 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 12:00 «Кішкентай мемлекет», т/х. 12:50 «Было дело». 14:00 «Город невест». 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Дау-дамайсыз». 20:35 «КТКweb». 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Двигатель внутреннего сторания». 01:30 «Наследники». 02:10 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03:40-04:10 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:40 Оян, Qazaqstan Music. 07:10 «Серг пен сезім». 08:10 «Қадам». 09:00 «Родком». 10:00 Х/с «Женский доктор». 11:00 Телесериал. 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зын-зын Күлпәш». 15:20 «Гадалка». 16:30 «Родком». 17:30 Х/с «Женский доктор». 18:30 «Aibat». 19:00 «Студия 7».

«Қағаз кеме». 1:45 «Ду-думан». 2:50 «Қызғалдақ». 3:30 Әбдіжаппар Әлқожа концерті.

## КТК

07:05 «Мерекелік концерт». 07:50 «Судағы із», т/х. 08:35 «Көңілді отбасы». 09:35 «КТКweb». 10:00 «Без фильтров». 11:00 «Смеяться разрешается». 13:00 «Двигатель внутреннего сторания». 17:00 «Жаралы жүрек», к/ф. 18:40 «Тамаша». 21:00 «Большие новости». 22:00 «Жены на тропе войны». 01:30 «Наследники». 02:20 «Жаралы жүрек», к/ф. 03:40-04:30 «Көңілді отбасы».

## 7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 07:30 «Құтты қоңақ». 08:30 «Сахаттандырылмағандықтарыңыздан». 09:30 «Орел и решка». 10:30 Х/с «Чужие дети». 15:00 Реали-

## АСТАНА

06:00 «Кэбэк». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:10 «Ду-думан». 13:30 «Паншар». 18:00 «My love is Aisulu» Х/ф. 20:00 «SagarTimes». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:35 «Өткініш жаңбыр». 02:00 «Преподы» т/с. 04:00 «Қызғалдақ». 04:40 «Үздік әзілдер».

## КТК

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 07:30 «Құтты қоңақ». 08:30 Оян, Qazaqstan Music. 09:00 Шоу «Музыкальная интуиция». 11:00 Х/ф «Отчаянный ход». 13:15 Х/с «Средь бела дня». 15:10 «Саяхаттандырылмағандықтарыңыздан». 16:20 К/ф «Биши кыз». 17:45 «Bloggerbek». 19:40 «Salem, men

Nurlan Koynbayev». 21:00 Х/с «Всe равно тебя дождусь». 01:00 Шоу «Музыкальная интуиция». 02:50 «Bloggerbek». 04:30 «Айна-online». 05:10 «Қуырдақ».

# ӨМІРДЕ ДЕ, ӨНЕРДЕ ДЕ БІРГЕ

**Жезқазған қаласының мемлекеттік архивінде әнші, ұстаз, сазгер, Тайжан Қалмағанбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншісі, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі, Жезқазған қаласының және Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы, Тайжан ақынның әндерін насихаттап жинақтаушы Ғалым Мұхамеддиннің 70 жас мерейтойына орай кездесу өткізілді.**



Ұлттық архив қорының жасақтау көзінің бірі жеке тектік құжаттар болып табылады. Жеке тектік қорлар бір адамның өмірі мен қызметін жан-жақты бейнелейтін құжаттардан құралады. Бұл құжаттар, республика өмірінің әр кезеңінен хабарларды беріп қана қоймай, сол уақыттағы нақты оқиғалардың мәнін ашады, олардың кейбіреуі ешқашан жарияланбаған құжаттар болуы мүмкін. Қазақстанның қалыптасу, даму, өркендеу кезеңдерінен, соның ішінде әдебиеті мен өнерінен, мәдениетінен мағлұмат беретін жеке тектік құжаттарды – халықтың баға жетпес рухани қазынасы деп айтуымызға болады. Осындай қазыналарды болашақ ұрпақтың игілігіне айналдыру, өткен кезеңнің бай қазынасы мен бүгінгі күннің құнды деректерін келер ұрпаққа жеткізу, ғылыми айналымға қосу – біздің басты мақсатымыз.

Осы мақсатта 2013 жылы Жезқазған қаласының мемлекеттік архивіне ерлі-айыпты Ғалым Мұхамеддин мен Әлия Айтжанованың құжаттары қабылданып, алғаш рет № 466 бірлікпен отбасылық архив қоры ашылды. Қордың № 1 тізімдемесіне Ғалым ағаның 1973-2013 жылдарды құрайтын 204 құжаты енгізілсе, Әлия апайдың құжаттары №1 тізімдеменің жалғасына 1972-2013 жылдарды құрайтын 66 құжаты енгізіліп, мемлекеттік сақтауға қабылданған. Қорда жеке құжаттарымен қатар, шығармашылық қызметіне байланысты, қор иелері жайында газет беттеріне жарияланған мақалалар, жинақталған құжаттары енгізілген.

Ғалым аға мектепті аяқтағаннан кейін туған ауылында әртүрлі салада еңбек ете жүріп, әншілік өнерімен көпшілікке таныла бастаған. Сонау 1973 жылы Жезқазғанда өткізілген облыстық көркемөнерпаздардың байқауына Жаңаарқа ауданының атынан Игілік Омаров, Қорабай Есенов бастаған өнерпаздармен бірге қатысып, Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде» әнін орындап көзге түскен Ғалым аға, шақырту алып 1973-1975 жылдары Республикалық Эстрада және цирк өнері студиясында оқып, «Домбырамен ән айту» мамандығы бойынша халық әртісі Жүсіпбек Елебековтің сыныбын ойдағыдай бітіріп шығады.

1975 жылы Мәдениет министрлігінің арнайы жолдамасымен Жезқазғанға келіп, «Жезкію» эстрадалық жастар ансамбліне әнші болып орналасып, Жезқазған облыстық филармониясының негізін қалаушылардың қатарынан табылды.

Арқаның әншілік дәстүрін жалғастырып жүрген арқалы әнші Ғалым Мұхамеддин кешегі қазақ өнерінің аспанында еркін қалықтаған Біржан мен Ақанның, Үкілі Ыбырай мен Жаяу Мұсаның, Мұхит пен Естайдың, Мәди мен Тайжанның шығармаларын кеңінен насихаттауда айтарлықтай нәтижеге жетті. Бүгінде ұмытылған немесе сирек орындалатын әндерді жинап, халқымыздың игілігіне айналдыруда орасан еңбек атқарды. Тайжан Қалмағанбетовтың ұмыт болған әндерін халық арасынан жинап, қазақ музыкасының алтын қорына қосу – көп ізденіс, қыруар еңбегінің нәтижесі. Ғ. Мұхамеддин жаңғыртқан әндердің қатарында «Алтын кесе», «Қос апаның әні», «Көк айдай», «Ертілеудің әні», т.б. бар. Әндері «Қазақ» радиосы мен теледидарының алтын қорына жазылған.

Ғалым Мұхамеддин – шебер орындаушы ғана емес, ұстаздық қырынан да танымал жан. Ол 1992 жылдан бастап Жезқазған саз колледжінде «Домбырамен ән айту» бөлімінде халық әндері мен сал-серілердің әндері бойынша ұстазы Ж. Елебековтың дәстүрін насихаттап дәріс беру саласында қызмет атқарып, көптеген шәкірт тәрбиеледі. Колледж студенттеріне арналған «Домбырамен ән салу» арнайы пәні бойынша типтік оқу бағдарламасын және «Халық әнін домбырамен орындау мектебі» атты методикалық еңбегін әзірлеген.

Табиғи талантының, орындаушылық шеберлігінің, әнге деген талғампаздығының арқасында елімізге кеңінен танымал болған Ғалым Мұхамеддинге 1995 жылы Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі атағы, 2002 жылы Жезқазған қаласының Құрметті азаматы атағы, 2012 жылы Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы атағы берілген.

Жастайынан өнерге құлшынып, өнер жолына жүгінген өмірлік жары, өнердегі серігі Әлия Айтжанова – Қарағандыдағы Театр студиясының Қазақстанның халық артисі, сахна өнерінің тарланы Жамила Шашкинанов шәкірті. Өнердегі үлкен тұлғадан тәлім-тәрбие алу Әлия апайға үлкен жауапкершілік жүктеген, ұстазы да оған үлкен сеніммен қарайды. Оқуын бітір-

геннен кейін Ақтоғай ауданындағы халық театры сахнасында өнер жолы басталып, түрлі спектакльдерде ойнайды, ән салады, көркем сөз оқиды. Ол жақтағы қаншама жетістігінен кейін Әлия Айтжанова облыс орталығы – Жезқазғанға шақырылып, жаңадан құрылған «Ұлытау» ансамблінің негізгі құрамына алынады. 1977 жылы өнер айдынында қалықтаған Әлия апай Ғалым ағаймен табысып, шаңырақ көтереді.

Мемлекеттік архивте өткізілген кездесуге Ғалым ағаның өнердегі досы, Тайжан Қалмағанбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншісі, ақын, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Береке Көшенов, ақын, сазгер Несіпкүл Бекенова, досы, жерлесі, журналист Бақыт Шырынбеков, ақын Үміткүл Траисова, журналист Балтабек Абеуов, телевизия ардагері Асия Айдарханова, ақын Сайлаухан Накеновтың қызы Раушан қонақ ретінде шақырылды. Кездесу мемлекеттік архив басшысы Дәметкен Қаражанқызының құттықтау сөзімен ашылды. Кездесу барысында қор құжаттарының негізінде жасалған қор иелерінің өмірі мен шығармашылығына байланысты дайындалған видеоролик ұсынылып, қызықты әңгімемен және архив қызметкерлерінің әсем әндерімен өрбіді.

Өнер әлеміне өзіндік қолтаңбаларын қалдырған Ғалым Мұхамеддин мен Әлия Айтжанованың еңбектеріне айтылар лебіз ерекше. Өнерді өмірлеріне серік етіп, туған халқының өнері мен мәдениетін насихаттауға үлес қосып келе жатқан бұл жұп Жезқазған өңірінің өнеріне ғана айтулы еңбек сіңіріп қоймай, жалпы ұлт өнерін үкілеген жандар. Бірі – халықты әнімен сусындатса, екіншісі – көркем сөз кеңістігін айшықтап, бұқара халықтың ыстық ықыласына бөлене білген.

Бүгінгі күні 70 жасқа толып отырған, 50 жылға жуық өмірде де, өнерде де бірге қол ұстаса жүріп, жұптары жазылмаған, бүгінде немерелерінің қызығына кенеліп отырған ардақты ата-әже Ғалым аға мен Әлия апайды мерейтойларымен құттықтай отырып, баянды бақыт, ұзақ та мағыналы тұмыр тілейміз.

**А. НУРИДИНОВА,**  
құжаттарды ғылыми пайдалану, жариялау және мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің жоғары санатты архивисі.

**ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**  
**Теректі ауылының тумасы Сәлім Сейітмұқанұлы БАЙМУХАНБЕТОВ!**

Сізді 50 жас мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Денсаулығыңыз мықты, еңбекте жемісті, отбасында бақытты болып, немерешөбере қызығын көріңіз.

**Ізгі тілекпен Теректі ауылының 1989 жылғы түлектері.**

# ТЫНЫСЫ ДА, ПЕЙІЛІ ДЕ КЕҢ ӘНШІ

**Биыл Арқаның күміс көмей, жез таңдай дауылпаз әншісі, Тайжан ақынның әндерін жинақтап, насихаттаушы, ҚР еңбек сіңірген әртісі, Жезқазған қаласы мен Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы Ғалым Мұхамеддин жетпістің желкенін бағындырып отыр. Өнер тарланының 70 жылдық мерейтойын мысты шаһар жұрты зор қуанышпен қарсы алды. Өнерпаздың дүбірлі думанына арналған шаралардың алғашқысы Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің көрме залынан бастау алды. «Өнермен өрілген өмір» атты көрме «Шауы» би ансамблінің «Шауы» биімен басталып, одан әрі бас кейіпкермен бірге блиц-сұрақтармен жалғасты.**



Өзінің қазақтың дәстүрлі ән өнеріне деген қызығушылығы табиғат берген талантымен, әке, ана жағынан дарыған қасиетпен бойына құт боп қонғанын тілге тиек еткен Ғалым аға 9 ағайындының ішінде 7-суі ұлттымыздың қос ішекті аспабы домбыраның құлағында ойнайтынын айтты. Өз балалары да өнерден кенде емес, олар қоғамның әр түрлі саласында абыройлы қызмет атқарып жүр. «Сүйіп айтатын әндеріңіз қандай?» деген сұраққа Ғалым аға ұстазы Жүсіпбек Елебеков үйреткен «Балқадияш», «Құлбай бай», «Ағаш аяқ» әндері жүрегіне жақын екенін жеткізді.

Іс-шараға Жезқазған қаласы әкімі аппаратының басшысы Жасұлан Дәлкенұлы мен «Қазқмыс корпорациясы» ЖШС жанындағы Ардагерлер кеңесінің төрағасы, «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, II және III дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісінің иегері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы, металлургиялық Нұрмағамбетұлы Бүкіров те қатысып, өнер иесіне ізгі тілегін білдірді.

– Азамат Ғалым, әнші Ғалым, сазгер Ғалым, замандас, досым Ғалым, жетпістің биігіне шыққаның құтты болсын. Бүгінге дейін шаршамай, талмай ел көзайымына, қуанышына айналып жүрсен алдағы күндері де осы бетінен танбай өмір сүр. Алыстан шаршап, шалдығып келгенде Ғалымның ән айтқан даусын естігенде бар шаршаңқылығын басылып, еңсез көтеріліп қалады. Мен Ғалымға үлкен қалалардан бірнеше мәрте шақырту түскенін білемін. Дегенмен ол Жезқазғанның қасиетті топырағын еш жерге айырбақтамады. Оның аймағымыздың ғана емес, республика денгейіндегі ән

өнерінде алар орны тым жоғары, – деген Төлеген Бүкіров естелік сыйлықтарын табыстады.

Одан әрі сөз алған Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетінің Директор-бас редакторы Өнуар өнерде һәм өмірде ағалы-інілі болып сыйласқан тау тұлға азаматтың арда мінезі, кең пейілі, Тәңір берген таланты мен талабы жайлы жарқын естеліктерімен бөлісті. Ғалым ағаның жары Әлия апаймен арасындағы зор құрмет пен ілтипатқа ризашылығын білдіріп, ұзақ тұмыр тіледі.

Тайжан Қалмағанбетовтің немере келіні Гүлдіара Оспанова да Ғалым Мұхамеддин өнеріне тәнті екенін жеткізіп, тілегін өлең шумақтарымен білдірді.

Көрмеде әріптес-інілері, шәкірттері атынан Т. Қалмағанбетов атындағы филармония әншісі Ардақ Мұқышев пен Зауре Омарова ән салды. Бүгінге дейін республика көлемінде танымал, еліміздің әр түкпірінде қызмет етіп жүрген шәкірттер даярлаған өнер иесінің Жезқазғанда жүрген шәкірттері Зауре Омарова, Ардақ Мұқышев, Гүлдіаруен Жидебаева ұстазға деген ақ тілегін білдірді. Т. Қалмағанбетов атындағы қарашаңырақ құрылғалы бері қасында жүрген әріптестері Нұрлан Хамзин, Береке Көшенов, Рахмет Кәкімбекұлы да өнерпазға ақжарма тілектерін ақтарды.

Сондай-ақ көрермендерге әнші ағамыздың шығармашылық жолын баяндайтын бейнематериал ұсынылды.

Шара соңында Төлеген Бүкіров және қалалық мәслихат депутаты Светлана Жумкина Ғалым Мұхамеддиннің өмірі мен шығармашылығына арналған көрменің тұсаукесер лентасын қиды. Көрме бір ай бойы жалғасатын болады.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН. (МТ)

# ӨНЕРМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

**Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде әнші, ұстаз, сазгер Тайжан ақынның әндерін жинақтап насихаттаушы ҚР Еңбек сіңірген әртісі, Жезқазған қаласының және Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы, Тайжан Қалмағанбетов атындағы Жезқазған филармониясының әртісі Ғалым Мұхамеддинмен кездесу өтті. Іс-шара Ғалым Мұхамеддиннің 70 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылды.**



Кездесудің түндігі Ғалым ағаның өмірі мен шығармашылығы жайында арнайы дайындалған бейнесюжетпен түрілді. Одан кейін Ғалым ағаға бірнеше сұрақтар қойылып, алғашқы өнерге жасаған қадам жайында әңгіме өрбіді. Музейлік кездесуге келген қонақтар Ғалым ағаның шығармашылығына тоқталып, өткенге саяхат жасады. Олардың қатарында ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Халық әні» кафедрасының доценті Еркін Шүкман, ҚР Еңбек

сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Халық әні» кафедрасының доценті Ардақ Исатаева, Өнер-ғылымның докторы, республикалық байқаулардың лауреаты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Халық әні» кафедрасының аға оқытушысы Амангелді Күзесбай, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Мәдениет қайраткері, өнертану кандидаты Елмұра Жаңабегенова, ҚР Мәдениет қайраткері (Нұр-Сұлтан), белгілі әнші және термеші Ерболат Шалдыбеков, Құрмет орденінің иегері, әнші, термеші Қай-

рат Кахимов, Мәдениет саласының үздігі, М. Өскенбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясының әншісі Ақмарал Ермбетова, Республикалық байқаулардың лауреаты Мұхамедәлі Бекпейісов бар.

Өз кезегінде мерейтой иесі Ғалым Мұхамеддин өз шығармашылығынан бірнеше әндер орындады.

Сонында Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің басшысы Раушан Қапарова ақ тілегін ақтарып, музей тарапынан сый-сияпат табыс етті.

Өз тілшіміз.